



Берекеге
бастаған жоба



2-бет

Тариф саясаты
тығырықтан
шығарады



3-бет

Аманат
өнердің
аламаны



8-бет

Бір көшет, мың үміт

Уақыттың жаңа талаптарына сай ел болашағы үшін ең маңызды бағыттың бірі – қоршаған ортаны қорғау. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясы бүгінде бүкіл елді қамтыған нағыз халықтық қозғалысқа айналды. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, табиғатты аялау – әр азаматтың борышы екенін дәлелдеген бұл акция биыл да ерекше серпін алды. Ал, Шахтинск қаласында ағаш егуге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

Қарағанды жасыл желекке бөленеді

Абай көшесіндегі саябақта 573 түп ағаш көшеті отырғызылды. Атап айтқанда, 53 түп қарағай, 100 түп жібек қарағаш, 250 түп ағаш тәрізді қараған, 170 түп бөртегүл жерсіндірілді. Бұл орын Абай көшесіндегі саябақ – қаланың танымал қоғамдық орындарының бірі. Экологиялық акцияға мемлекеттік органдардың өкілдері, коммуналдық қызметкерлер, еріктілер, эко-белсенділер мен қала тұрғындары белсенді қатысып, бірлесіп еңбек етті. Топырақ дайындау, көшет отырғызу және аумақты тазалау жұмыстары ұйымшылдықпен атқарылды. Агроном Сәкен Келдібаев ша-



раның маңыздылығын ерекше атап өтті: «Қаланы көгалдандыру – бір реттік акция емес. Бұл – тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған ұзақ мерзімді міндет. Әр отырғызылған көшет – болашаққа қосқан үлесіміз. Біз жайлы

орта ғана емес, табиғатқа қамқорлық мәдениетін қалыптастырып жатырмыз», — деді ол. Экоерікті Заңғар Серіков та өз ойын білдірді: — Бүгінгі акция – қарапайым әрекеттер үлкен өзгерістердің бастауы бола алатынын көрсетеді.

Еріктілер үшін мұндай акцияларға қатысу – туған қаламызға қамқорлық, басқаларды да осыған ынталандырудың тамаша мүмкіндігі, — деді ол. Сонымен қатар, Әлихан Бөкейхан ауданы, Көгілдір тоғандар шағынауданында «Таза Қазақстан»

Таза Қазақстан

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

акциясы бойынша талдар егілді. Бұл Қарқаралы мемлекеттік паркі мен «ЭкоОбраз» ұйымының ұйымдастыруымен өтті. Қарқаралыдан төрт түрлі ағаш алынған.

«Жасыл белдеу» қалыптасты

Шахтинск қаласында да «Таза Қазақстан» акциясы аясында экологиялық бастамалар қарқын алды. Қала әкімдігінің қолдауымен өткен «Жасыл белдеу» акциясы аясында Жеңістің 40 жылдығы көшесінің бойындағы аллеяға 300 түп көшет отырғызылды. Жалпы, өңір бойынша 1720 көшет отырғызылған. Шараға 60-тан астам адам қатысып, табиғатқа деген қамқорлықтарын іспен көрсетті. Әсіресе, кішкентай тұрғындар да белсенділік танытты. Толғанай есімді қыз өзінің алғашқы отырғызған ағашына «Үміт» деп ат қойып, оған күтім жасауға уәде берді. Бұл әсерлі сәт акцияның рухани маңызын одан сайын арттырды. Ермағанбет Бөлекпаев өз қаласын жасылдандырып, көркейтуге деген ұмтылысы үшін тұрғындарға алғысын білдірді.

➤ 2-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Алма бағы жайнайды

Қарағандыдағы көпшіліктің сүйікті аттракционы – балалар теміржолының бойында алма бағы пайда болады. Оны орталық мәдениет және демалыс саябағына салу жұмыстары басталды.

Аяулым COBET, «Ortalyq Qazaqstan»

– Қазірдің өзінде бес мың алма ағашын егуге кірістік. Бұл ағаштар қалалық саябақтың сыртқы жағында, Ғазалиев көпірінің бойында және теміржол бойымен өтетін маршрут бойынша отырғызылады. Уақыт өте келе, бұл аллеялар қаланың сыртқы келбетін өзгертіп қана қоймай, тұрғындардың көз қуанышына айналары даусыз, — деп хабарлады Қарағанды саябақтар басқармасы Instagram-дағы ресми парақшасында. Басқарма мамандарының мәліметінше, биылғы маусымда Назарбаев даңғылы мен Орталық саябақта 10 мың қарақат көшеті егіледі. Жобаға бюджет есебінен қаражат жұмсалмайды. Астаналық тәлімбақ серіктестігі аясында көшеттерді тегін берді. — Бұл орталық саябақта бұрын-соңды болмаған тосын жаңалық екен, — Ләззат Әминқызы

• РЕСМИ

Жазатайым жарақат азайды

Қазақстанда өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде. Қабылданған шаралардың нәтижесінде соңғы 5 жылда өндірісте зардап шеккендердің саны 6,3% азайған. Ал, қаза тапқандар саны 2,9% қысқарды. Мұндай деректерді Елбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай мәлімдеді.

Қазақстанда жыл сайын кәсіпорындарда 1400-ден астам жазатайым оқиға орын алады, оның 200-ге жуығы адам шығынымен аяқталады. Экономика салалары бөлінісінде зардап шеккендердің ең көп саны тау-кен металлургия кешенінің кәсіпорындарында – 15,3%, құрылыс саласында – 12% байқалады. Елімізде 470 мыңнан астам жұмыскер зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша құқық қорғау органдарына жазатайым оқиғалар туралы 1 042 материал жіберілді, нәтижесінде 215 қылмыстық іс қозғалды. Бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау мақсатында еліміздің 3 262 кәсіпорны еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стандарттарын енгізді.

Өз тілшімізден

Сәбидің амандығы елге аманат

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ана мен баланың амандығы – келешектің кепілі. Олардың денсаулығын сақтау тұтас ұлт үшін аса маңызды. Кейігі жылдары ана мен бала өлімінің белең алғаны жасырын емес. Оны Президент те ашық айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет отырысында: «Басты міндеттің бірі – ана мен баланың денсаулығын сақтау. Өкінішке қарай, сәби өлімі көбейді. Ана өлімі де аз емес», — деп, елдегі перинаталды қызметті тексеруге тапсырма берген еді. Сол кезде «Қазіргі перзентханалардың көбі халықаралық стандарттарға сай емес. Осы мәселені жүйелі түрде шешу керек», — деген болатын. Денсаулық сақтау министрлігінің биылғы дерегінше, ана мен бала өлімінің көрсеткіші едәуір төмендеген.



➤ 2-бет



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Алты жылда 563 ана қайтыс болған

Елімізде 2019 жылы 55 ана босану кезінде көз жұмған. 2020 жылы сәбиін дүниеге әкелуде 156 ана бақылық болған. 2021 жылы – 200, 2022 жылы – 70, 2023 жылы 45, 2024 жылы 37 ана босану үстінде жан тапсырған. Былтыр қайтыс болған аналардың 54%-ы пайызы қалада тұрған. Ал, 46%-ы – ауыл тұрғындары.

Ана өлімі өршіген аймақтар арасында Қарағанды жоқ. Ана өлім-жітіміне құпия аудит жүргізу жөніндегі өңірлік үйлестіруші, акушер-гинеколог Ангелина Гардердің айтуынша, былтыр өңірде ана өлімінің бір жағдайы орын алған.

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:

Ермеков көшесі, 33 үй,
8-қабат

ORTALYQ
QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай 10 447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 386,60 тг
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға 5 882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 074,60 тг

Бір көшет, мың үміт



(Соңы. Басы 1-беттен).

Сонымен қатар, сәуір айының басынан екі айлық сенбіліктер бастау алды. Бүгінге дейін 4 «Таза бейсенбі» мен 3 сенбілік өткізіліп, 6500-ден астам адам қатысып, 400 тонна қоқыс шығарылды. 300 гектар аумақ тазартылды.

Қала аумағындағы 166 ауланың 132-сі сенбілік аясында жинастырылды. Сонымен қатар, рұқсат етілмеген үйінділерді жойып, 7000 текше метр қоқыс шығару жоспарлануда.

— «Таза Қазақстан» акциясы қаламызды бірлескен күш-жігермен көркейтуге болатынын дәлелдеді. Тұрғындардың белсенділігі олардың жоғары экологиялық мәдениеті мен туған жерге деген сүйіспеншілігін айқын көрсетеді», деді Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Арман Саттыбаев.

Экологиялық мәдениет қалыптасып келеді

Қарағанды облысындағы ірі қалалардың бірі — Теміртауда да

«Таза Қазақстан» аясында Металлургтер даңғылы бойындағы скверді абаттандыру және күрделі жөндеу жұмыстары басталды.

Мұнда тек жолдар жөнделіп, инфрақұрылым жаңартылып қана қоймай, экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жасыл желек аумақтар көбейтілуде.

Қарағанды индустриалдық университетінің аумағында да 30 түп қайың көшеті отырғызылды. Бұл бастама университет жастарының табиғатқа жанашырлықпен

қарауға деген ынтасын арттырып, олардың экологиялық мәдениетін нығайтуға сеп болды.

Приозерск қаласының үлесі

Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясы Приозерск қаласында да үлкен қолдауға ие болды. Сәуір айында қала тұрғындары 67 тоннадан астам қоқысты жинап шығарды.

Сенбілік барысында үй-ауалары, әлеуметтік нысандар аумағы, көл жағажайы және қаланың кіреберісі тазартылып, саябақтар абаттандырылды.

Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Гүлжаһан Шәрбекова: «Таза Қазақстан» — бір реттік науқан емес, ол — азаматтардың экологиялық санасын арттыратын игі дәстүрге айналуы тиіс. Бүгінде бұл акция бүкіл халықтық қозғалысқа айналды», — дейді.

Алдағы уақытта Приозерск қаласында жас көшеттер отырғызу және жаңа экологиялық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр.

Жәлел ШАЛҚАР
Ержан ИМАШ
Нұрдіос КӘРІМ

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Берекеге бастаған жоба

Ел үкіметі республикалық «Аманат» партиясымен бірлескен түрде Қазақстан бойынша «Ауыл аманаты» жобасын іске қосып, жүзеге асыра бастады. Ол ауыл халқына қаржылай көмек беру арқылы олардың әл-ауқатын жақсартып, проблемаларын шұғыл шешуді көздейді.



Қоспақы жасағын Арайым Қоспақы

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба ауылдағы өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған адамдардың кәсіпкерлікпен айналысып, жаңа жұмыс орындарын құрып,

табыстарын арттырып, өз өндірісінің өнімдерін шығаруға мүмкіндік береді.

— Соған байланысты біздің Абай ауданының барлық 15 елдімекенінде скрининг өткізілді,

— дейді Абай аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Жанар Сұрауханова. — Зерттеулер кезінде тұрғындар өндірісінің көлемі, мал мен құсы, жер телімі болуы, жұмыспен қамтылуы,



инфрақұрылымы, сондай-ақ, шағын несиеге әлеуеті ескерілді.

Жалпы, осы жобаны жүзеге асыру барысында өткен екі жылда абайлық ауыл тұрғындары 467,46 миллион теңгенің 59 шағын несиеін алған. Соның ішінде 4 шағын несие аудандағы ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтеріне (әрі қарай АӨК) беріліпті. Мәселен, Абай қаласындағы «Құрманов» АӨК алған 16,7 миллион теңгесіне 17 жылқы, Құлайғыр ауылдық округіндегі «Жаңа жол» АӨК 29,28 миллион теңгесіне арнайы техника (аспалы жабдығы бар трактор) сатып алса, Ақбастау ауылдық округіндегі «Хадис» АӨК 29,4 миллион теңгеге ірі қара табынына асыл тұқымды 85 бас мал қосып, Дубовка ауылдық округіндегі «Динара 2024» АӨК 27,4 миллион теңгеге жартылай фабрикалар өндіретін цех ашып, жұмысын жолға қойған көрінді.

Абай ауданында халыққа пайдалы бұл жобаны жүзеге асыру одан әрі жалғасуда.

Ашық диалог алаңы



Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев облыс тұрғындарын қабылдап, жеке сұрақтарына жауап берді. Қабылдауға келген тұрғындар баспана, әлеуметтік қолдау, күрделі өмірлік жағдайлар және мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсету сияқты түрлі мәселелерді көтерді.



Тұрғындар арасында Пришахтинск қаласындағы Чичерин көшесінің өкілі де болды. Айтуынша, 2022 жылы көшеде су құбыры желісі жаңартылғанымен, қазір жолдың жағдайы нашарлап, абаттандыру қажет болып отыр. Бұл өтінішке жауап берген қала әкімі Мейрам Кожухов биыл жоспарына сай кес аталған аумақта жол жөндеу-летінін атап өтті.

Облыс әкімі тұрғындарға түсініктеме бере отырып:

— Ең алдымен су құбырын өткізу қажет болды. Бұл маңызды мәселе шешілді. Енді жол жөндеу жұмыстары міндетті түрде жүргізіледі, — деді.

Қабылдауға келген мүгедек-

тігі бар азаматтар да өз түйткілдерін ортаға салды. Олар үшін арнайы тренажер залын ашу қажеттігін айтып, қолдау сұрады. Бұл ұсынысты аймақ басшысы қолдап, тиісті тапсырманы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жүктеді.

Сонымен қатар, қабылдау барысында көтерілген басқа да мәселелер Ермағанбет Бөлекпаевтың жеке бақылауына алынды.

Қарағанды облысы әкімдігі азаматтардың өтініштерін ескеріп, барлық көтерілген сұрақтарды кезең-кезеңімен шешуді қамтамасыз ететін болады.

Өз тілімізден

Қарекет қапы қалдырмайды

Биыл ауқымды жөндеу жұмыстарының арқасында жылу беруде оқыс оқиға орын алмай, тұрғындар еш қиындықсыз қыс мезгілін өткерді. Шахтинск жылу электр орталығы өндіріс көлемін арттырып, өңірдің әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

— Шахтинск өңірі ерекше назарда. Жылыту маусымының табысты аяқталуы — бұл сіздердің, барлық қызметкерлердің еңбегі. Алда әлі көп жұмыс бар, — деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысы Шахтинск ЖЭО мен Шахан орталық қазандығының бірқатар қызметкерлеріне Алғыс хат тапсырды.

— ЖЭО-да он жылдан астам уақыт релейшісі болып жұмыс істеймін. Өткен жылы станцияда жабдықтар жаңартылды, көмір жақсы болды. Маусым үздіксіз өтті. Ұжымымыз нығайды. Қазір менің мамандығым бойынша оқытпайды, біз жастарды қабылдап, тәжірибе алмасуға дайынбыз, — дейді электр-техникалық зертхананың бастығы Валерий Пономаренко.

Соңғы үш жылда станцияда жабдықтардың тозуы 5,3%-ға, ал, жылу желілерінің тозуы 6,3%-ға

төмендеді.

Облыс әкіміне алдағы жөндеу науқаны туралы да баяндалды. Дайындық басталды, жұмыстардың бір бөлігіне мердігерлер анықталды, басқалары бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Жабдықтарды жөндеу жұмыстары мамыр айында басталады.

— Негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеу жоспарланған. Үш қазандық пен бір турбинаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Сондай-ақ, жылу желілерінің алты учаскесі жөндеу көреді. Жылу оқшаулағышты қалпына келтіруді жалғастырамыз. Шахан кентінде де құбырларды жөндейміз, қазандықта көмір беретін ұсақтағышты қалпына келтіру жоспарланған, — деп хабарлады «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС техникалық директоры Абылай Сейдуәлі.

Өз тілімізден

Сәбидің амандығы елге аманат

(Соңы. Басы 1-бетте).

— Қайғылы жағдайға себеп — әйел денсаулығындағы жүктілікке дейінгі ауыр сырқаты. Осы сырқатына байланысты жүктілікке қарсы көрсетілім берілген. Алайда, салдары қайғылы аяқталды. 2022 жылы облыста 4 әйел, 2023 жылы бір әйел қайтыс болды, — дейді Ангелина Гардер.

Маманның айтуынша, ананың өлім-жітіміне әйел адамның жүктілік кезіндегі, босану үстіндегі қайыт босанғаннан кейінгі кезеңде қайтыс болуы жатқызылады.

— Мұндай жағдайға жүктілікпен байланысты кез келген патологиялық ақау әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, әйел бойындағы жүктілікке дейінгі кез келген ауру-сырқау да себеп, — дейді акушер-гинеколог маман.

Дерекке сәйкес елде ауру бойынша диспансерлік есепте шамамен 3 млн әйел тұр. Бұл — диспансерлік есепте тұрған ересек

тұрғындардың 63%-ы. Мәселен, жыл сайын тек қант диабетімен ауыратын 4 мыңға жуық жүкті әйел тіркеледі.

Сәбилердің шетінеуі азайды ма?

Соңғы 6 жылдағы ана мен бала өліміне қатысты деректер кімді де болса, алаңдатпай қоймайды. 2019 жылы 3 360 сәби шетінеп кеткен. Ал 2020 жылы 3 286, 2021 жылы 3 732 сәби қара жердің қойнына тапсырылған. 2022 жылы 3 154 сәби көз жұмған, 2023 жылы 2 998 сәби шетінесе, былтыр 2 598 сәбиді ата-анасы перзентханадан емес, мәйітханадан алып шыққан. Сонда азайды дегеніңіз — 2 жарым мың сәби.

Қазақстанда 2008 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған тірі туу критерийлері енгізілген. Соның нәтижесінде елімізде дене салмағы 500 грамнан басталатын және жүктіліктің 22 аптасындағы гестация мерзімі бар ба-

лаларды аман алып қалу тәжірибесі жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, былтыр салмағы 500 грамнан 1 келіге дейінгі 1 281 сәби туған. Соның 657-і аман қалған.

Үкімет қандай шара қолға алды?

Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынған мәліметіне сүйенсек, жаңа медициналық технологияларды енгізу мен клиникалық хаттамаларды жаңарту нәтижесінде неонаталды өлім-жітім 19%-ға азайды. Соңғы 10 жылда нәрестелердің шетінеуі 6,7%-ға, ана өлімі 11,4%-ға төмендеді. Сонымен қатар, туа біткен ақауларды ерте анықтау көрсеткіші 10%-ға өсті. Былтыр ел бойынша 367 мың әйел аман-есен босанды. Перинаталды скринингтен қамтылған әйелдердің үлесі 90%-ды құрап, қауіптің алдын алу мүмкіндігі артты.

Осы мақсатта еліміздегі 15 перинаталды орталықта «Бір күндік клиникалар» ашылды. Мұндай

жоба аймақта да облыстық клиникалық аурухана базасында жүзеге асып жатыр.

Аймақта да аналардың өлімі біртіндеп азайып келе жатқанын алға тартады маман. Үш жыл бұрын бұл көрсеткіш 100 мың тірі туған балаға 23-тен болса, былтыр 6,3-ті құраған.

— Қарағанды облысында 2021 жылдан перинаталдық көмекті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ситуациялық орталық жұмыс істейді. Бұл орталық Қазақстанда бірінші рет біздің облыста құрылды. Орталықтың қызметі ана мен баланың өлім-жітімін төмендетуге, жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге және репродуктивті жастағы әйелдерге көрсетілетін медициналық көмек сапасын жақсартуға бағытталады. Орталық емханалар мен стационарлардың жұмысын талдайды, осы пациенттер тобына көмек көрсетуді және жұмыс ақуларын анықтайды. Орталықтың маңызды бағыттарының бірі — ауыр

сырқаты бар әйелдерге контрацепция мониторингін жүргізу. Өйткені олар үшін жүктілік денсаулық жағдайының нашарлауына және аурулары асқынып, қайғылы салдарға әкелуі мүмкін, — дейді Ангелина Анатольевна.

2024 жылы облыс көлемінде 15 715 сәби дүниеге келді. Оның 3 839-ы кесар тілігі арқылы жарық көрді. Жалпы, облыста бүгінгі таңда фертильдік жастағы 265 630 әйел тұрып жатыр.

Елімізде 2026-2028 жылдары облыстық ауруханаларды жаңарту жобасы жүзеге асырылады. Бұл жобаға перинаталдық орталықтар да кіреді. Өйткені перинаталдық орталықтар әр өңірдегі денсаулық сақтау саласының жетекші буыны сапында. Аймақтағы №1 перинаталдық орталықта да қазіргі уақытта кең көлемдегі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сала мамандары ана мен бала өлімінің алдын алу, көрсеткішті азайту үшін мынадай екі мәселеге

назар аудару қажет екенін алға тартады. Біріншісі — ана денсаулығы, екіншісі — ана жауапкершілігі. Сондықтан, болашақ аналар жүктілікке дейін тексерістен өтіп, қажет болса, емделіп барып ана атануға бекінгені дұрыс.

Одан бөлек, мамандардың жетіспеушілігі, перинаталдық орталықтардың толық көлемде материалдық жабдықталмауы, орын ташылығы да шешімін күткен маңызды мәселелер. Президент тапсырмасымен 2024-2026 жылдарға ел бойынша 13 перинаталдық орталық бой көтереді. Оның бірі Қарағандыда салынады. Заманауи орталықтың салынуы жүктілікті оқшаулаумен, босандыру және одан кейінгі күтіммен байланысты барлық қызмет түрін жаңа сапалы деңгейге жеткізуге ықпал етпек. Орталық құрылысы жоспар бойынша 2027 жылы басталады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛИМ

Тариф саясаты тығырықтан шығарады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру мәселесін қозғады. Мұның өзіндік түпкі себебі де бар. «Монополияның табысын шектеу қажеттігі мен инфрақұрылымға инвестиция салуды қамтамасыз ету арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды. Елімізде электр қуатымен қамтамасыз ететін желілердің үштен екісінің, жылу коммуникациясының 57 пайызының және су құбыры желісінің жартысына жуығының тозығы жеткен. Осыдан-ақ біраз жайтты аңғаруға болады. Тарифтерді күшпен ұстап тұрудың ақыры соның бәрін кезекпен өшіруге және түрлі апатты жағдайлар туындауына әкеліп соқтырады. Осының салдарынан азаматтардың денсаулығына және өміріне қатер төнеді. Монополиялы нарықтарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» деген жаңа тариф саясатына қошу керек. Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту қажет», – деді.

Президент пәрмені

Президент халық үшін маңызды деген инфрақұрылымның тозығы жеткендігін, бұл салаларға жаңғырту, жаңарту жұмыстарын жүргізу керектігін нақты айтып өтті. Шын мәнісінде, тарифті күшпен ұстап отыру, су құбырларының ескіруіне әкелді. Ал, ескірген желілер мен құрал-жабдықтарды жаңасына ауыстыру арқылы апаттардың алдын алу «Тарифті инвестицияға айырбастау» саясатына алып келді. Қарағанды қаласының аумағы мен көршілес елдімекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз етіп, кәріз жүйелерін ретке келтіріп отырған «Қарағанды Су» ЖШС-гі аталмыш саясатты жүзеге асыруда қандай жұмыстар аткарып жатыр? Халыққа сапалы қызмет көрсетіліп отырма? Тариф көңілге қонымды ма?

Алғаш іргетасы 1958 жылы қаланған мекеменің жұмысы қашан да қауырт. Павлодар арқылы өтетін Ертіс өзенінің Қ.Сәтбаев каналынан келетін 400 шақырымдық су құбыры бүгінде Қарағанды қаласы мен жақын маңдағы елдімекендерді сумен қамтамасыз етеді. Каналдан ашық жолмен алынған өзен суы алдымен қаланың кіре берісінде орналасқан су сүзгіш станциясына келеді. Сол жерден химиялық элементтер қосып, технологиялық өңдеу жұмыстары жүргізіліп, таза ауыз

зды деген инфрақұрылымдарды жаңартуда ауқымды жұмыс жүзеге асты. Соның бірі – желілік құбырларды жаңарту. 2024 жылы 40 шақырым құбыр 6 млрд 500 млн теңгеге жөнделді. Бұл – зор көрсеткіш. Яғни, 20 шақырым ауыз су құбыры, 20 шақырым кәріз жүйесі толығымен ауыстырылды. Биыл да осындай жоспарлы жұмысты жүзеге асырамыз. Жалпы бағдарламада негізгі басымдық, тариф саясатын жүргізе отырып, құбырларды жаңарту, құрылғыларды жаңғыртуға берілген. Бұл саясатты жүзеге асыруда біз жұмыстарды жүйелі жүргізуді қолға алдық. Бағдарламада тозу процесін жыл сайын 2%-ға төмендету көзделген. Біз бұны да жүзеге асырамыз, – дейді «Қарағанды Су» ЖШС бас директоры Ербол Төлеуов.

Цифрландыру – уақыт талабы

Сондай-ақ, аталмыш компанияда цифрландыру бағыты жолға қойылған. Ашық, сапалы қызмет көрсетуді мақсат тұтқан мекеме бәсекеге қабілетті десе де болады. Мұнда жұмыс жүйесі автоматтандырылған. 400 шақырымдық каналдан қабылдап алынған су сүзгі станциясынан бастап, үйлерге жеткізетін шекарасына дейін санау құрылғылары қойылған. SCADA системасы арқылы орталықтандырылған диспетчерлік

2024 жылы 40 шақырым құбыр 6 млрд 500 млн теңгеге жөнделді. Бұл – зор көрсеткіш. Яғни, 20 шақырым ауыз су құбыры, 20 шақырым кәріз жүйесі толығымен ауыстырылды.

су деңгейіне дейін тазартылады. Одан әрі 100 су сорғыш станциясы тұтынушыларды таза сумен қамтамасыз етеді. Күрделі өңдеу процесінен тұратын жұмыс «Қарағанды Су» компаниясында жұмыс істейтін еңбек адамдарының үлесінде. Суды тұтынушыға жеткізуден бөлек, орын алатын апаттың салдарынан келеңсіз жайттар да болып жатады.


Кәсіпорында 1200 шақырым су құбыры, 800 шақырым кәріз жүйесі бар. Су құбырының 60%-ы, кәріз жүйесінің 80%-ы тозып тұр. Бұл апатты жағдайлардың жиі орын алуына алып келеді. Салдары халыққа сапалы қызмет көрсету жағдайы төмендеуіне соғары анық. Алайда, Президент Жолдауындағы айтылған «Тарифті инвестицияға айырбастау» саясатын тиімді іске асырған кәсіпорын басшылығы бүгінде жоғарыда көрсетілген пайыздық көрсеткіштің төмендеуіне елеулі үлес қосты.

– Президент тапсырған бағдарлама аясында халық үшін маңы-

орталықтың компьютеріне барлық мәліметтер автоматты түрде түсіп отырады. Нақтырақ айтқанда, каналдан шығатын диаметрі 800 мм-1200 мм құбыр арқылы өтетін судың қысымы мен ағысы электронды қондырғыларға түседі. Егер осы аралықта қандай да бір апат болса, автоматты түрде сигнал түсіп, ақау шыққан құбырдың жұмысы тоқтатылады. Бұл цифрлық қондырғылар уақыт пен суды үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр. Яғни, апат дер уақытында жойылады.

Сонымен қатар, кәсіпорын басшысы цифрландыру уақыт талабы екендігін де баса айтты.

– Цифрландыру материалдық-техникалық және жұмыс күшін үнемдеуге мүмкіндік. Мекемеде 300-ге жуық арнайы техника бар. Әр техниканың еш кедергісіз жұмыс істеуі үшін GPS құрылғысын қойдық. Бұл арқылы әр техника өз маршруты арқылы жүреді. Жанар-жағармайды үнемдеу мақсатында санау құрылғысы қойыл-



ды. Яғни, GPS арқылы бекітілген маршрутқа қанша жанармай кететіні автоматты түрде есептеледі. Осы арқылы былтырғы жылы 120 мың тонна жанармай үнемделді. Бұл 30 млн теңге көлемінде қаражатты құрады, – дейді ол.

Сонымен бірге, құбырлар желісі өтетін, әрі қызмет көрсететін қаланың Сұрыптау, Михайловка, Пришахтинск бөлігінде, Ақтас кенті мен Теміртау қаласында өздерінің сумен қамтамасыз ететін, кәріз жүйесін қалпына келтіретін жеке бригадалары бар. 13 учаскеде 1700 адам жұмыс істейді.

Жиналған кәріз суын 13 станция қабылдап, сүзіп, химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін Соқыр өзеніне ағызып жібереді. Тазарту деңгейі өте жоғары.

Жаңа бағдарлама – жаңа мүмкіндік

Өңірде жасыл аймақты дамыту мен экологиялық апаттың алдын алу мақсатында ауқымды жоба

жүзеге аспақ. Нақтырақ айтқанда, кәріз су тазарту станциясын салу құрылысына Еуразиялық даму банкі арқылы «Қарағанды Суға» қосымша қолдау берілді. Оған мемлекет өзі кепіл болады. Техникалық-экономикалық негіздеме бойынша жоба құны 55 млрд теңгені құрайды. Өндірістік күші – тәулігіне 160 мың текше метр. Қаланың бас жоспарына сай қала халқының өсуіне, құрылыс нысандары мен өндіріс орындарының көбеюіне байланысты жүзеге асып отырған жоба. Жоба құрылысы кешенді, бірнеше жылды қамтиды. Жобаның тиімділігі – берілген несиенің негізгі қарызын мемлекет жауып, пайызы облыстық бюджет пен тариф арқылы жабылуында.

Жалпы, 13 су қабылдау станциясы 160-180 мың текше метр су қабылдайды. Су қабылдайтын үлкен 3 блок бар. Әрқайсысы 230 мың текше метр су қабылдауға арналған. Су қабылдайтын 3 блок 1,5 млн халыққа арнап салынған,

Цифрландыру материалдық-техникалық және жұмыс күшін үнемдеуге мүмкіндік. Мекемеде 300-ге жуық арнайы техника бар. Әр техниканың еш кедергісіз жұмыс істеуі үшін GPS құрылғысын қойдық. Бұл арқылы әр техника өз маршруты арқылы жүреді. Жанар-жағармайды үнемдеу мақсатында санау құрылғысы қойылды. Яғни, GPS арқылы бекітілген маршрутқа қанша жанармай кететіні автоматты түрде есептеледі. Осы арқылы былтырғы жылы 120 мың тонна жанармай үнемделді. Бұл 30 млн теңге көлемінде қаражатты құрады.

тәулігіне 680 мың текше метр су қабылдайды.

Жаңғыру кепілі

Тариф 1 ақпаннан бастап, ор-



мелер мен халыққа жеткізілетін суға тариф басқаша болады.

Бүгінде, тұрғындар үшін 1 текше метр судың бағасы – 180,07 теңге. 1 текше метрде 1000 литр су бар. Су таситын арнайы автокөліктің сыйымдылығы – 1000 литр. Ал, дүкендегі 1 литр судың бағасы 320-460 теңге көлемінде. Әрі қарай есептей беріңіз. Судың қадірін білмейді екенбіз. Жоғарыда көрсетілген – 180,07 теңге. 400 шақырым каналдан алынып, үйге дейін таза ауыз су деңгейіне дейін тазартылып, жеткізілген судың бағасы. Бұл қаражаттың ішінде электр энергиясына кететін қаражат тағы бар. Сонда біз суды «су-

тегің» ішіп жатырмыз ба? Солай болғаны да...

Тариф саясаты реформасы судың қадірін түсіндіре ала ма? Оны уақыттың еншісіне қалдыр-



таша 20%-ға көтерілді. Яғни, «Тарифті инвестицияға айырбастау» мақсатында жүзеге асты. Суды пайдаланатын 4 топ бар – көп суды қолданатын «Теплотранзит», «Энергоцентр», «Окжетпес-Т» ЖШС-гі, бюджеттік меке-

ған жөн. Бірақ, аталмыш реформа қызмет көрсетудің тиімділігі, тұрғындарға көрсетілетін қызметтің сапасын көтерері анық.

Сағыныш ӘБІЛ
Суреттер «Қарағанды Су» ЖШС-нің сайтынан



Жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының

• ЛЕБІЗ

Жапандағы жалғыз жазушы

Кезіндегі сакалы беліне түскен орыстың, дұрысы әлемнің қарт жазушысы Лев Толстой өзінің Ясная Полянасында тұрып, ұлы дүниелер тудырып еді. Біздің қарт жазушымыз Өмір Кәріп ақсақал да, Ақадырда жатып, қазақ әдебиетіне ғажап дүниелер қосуда.

Өмкең де, Лев кария секілді жапандағы жалғыз жазушы. 85 жасқа келген қартыңыз кейінгі романын «Бастау» деп атайды. Бұрын жас ақындардың алғашқы жырлары шыққан антология кітабын «Бастау» деп атап жатушы еді.

Дэвид Финчер деген режиссердің «Бен-джамен Бартонның ғажайып өмірі» деген атақты фильмі бар. Қартаю циклі керісінше, жүретін адам туралы. Қарт болып туады да, жыл өткен сайын жасара береді. Өмкең де жыл өткен сайын қаламы жүрдектелген, жасарған жазушы.

«Бастау» бұл бір ұлы жолдың, тың ізденістің басы болса керек. Аң-құсқа тіл бітіп, сөйлеуі әуелде Латын Американдық әдебиетте, кейін Орхан Памуктың Нобель алған «Менің атым Қырмызы» кітабында бар көрініс. Бірақ, қазақ әдебиетінде тұңғыш болса керек. Тұңғыш болмаса да, алғашқы лекте.

Жоғарыда айтқан Лев Толстой ақсақал қарт күнінде «Құдайға шүкір, мазасызбын» деген екен. Ол біз ойлағандай мазасыздық емес, әлі жазу үстіндемін дегені ғой. Біздің қарт та мазасыз. Әлі де жазу үстінде. Және қалай жазып жатыр?! Құнанбай айтқандай, заманы пайғамбар заманына бір табан жақын. Кешегі қазақтың сөзінің қаймағы мен пейілі бұзылмаған кезді көрген. Аркада атан қомдаған соңғы қазақтардың бірі ғой. Сол себепті де жазғаны қаймағы алынбаған сүттей.

Түнеу жолы ақын, Мәжіліс депутаты Жанарбек Өшімжанға «Ауылдан хат» деп көлдей етіп хат жолдапты. Ішінде мәдениеттен бөлек, әлеуметтік мәселелер көтерілген. Кейбір мәселелердің күрмеуін шешер тұсы бар. Бұл да болса, мазасыздық. Лев Толстойдың мазасыздығы.

Өмір ақсақалдың азаматтық портретін жасаған адам ерекше бір қасиетіне баса на-

зар аудару керек. Ол – уәдеге беріктігі. Бүгінгі куаяқ баланың өзі берген уәдесінде тұрмай сырғып кететін алқым-жұлқым заманда Өмір ақсақалдың бұл қасиеті көпке үлгі.

Біз «Қарағанды көктемін» өткізіп жатқанда «Мен келемін!» деп бір ауыз сөз айтты. Және сонау Ақадырдан кәрі сүйегін сүйретіп жетті. Жиынымызда отырды. Қабағы сәл салыңқы еді. «Бір дүниеден ағат кетті ме?» деп біз қипақтап отырмыз. Сөйтсек, дәл сол мезетте қарт жазушы ұлынан айырылып, қаралы хабар естіп отыр екен. Бір жағы сабыры болса, екінші жағы әдеби ортаға ұлы сағынышы бар қарт жазушы жиын сонына дейін сыр алдырмады. Кетіп бара жатқан кезінде ғана қаралы хабарды естідік. «Саған уәде берген соң мына келген қонақтарды сыйлаған соң шыдап отырмын» деді кемсеңдеп, қарт жазушы. Ауыр қасірет үстінде де уәдесін бұзбаған Өмкең ғой...

Әдеби орта мен Алматыдан жырақта жатып, әлі де болса қаламын қантармаған қарт жазушымыз Өмір ақсақал 85 жасқа келді. Және тағы бір роман жазу үстінде. «Мен ашулансам, кітап оқи қоямын. Сонда ашуым сап тыйылады» деп еді бір кездескенімізде. «Кітапқа деген махаббат дүние кірбіңін шайып кетеді» дейді. Өмір ақсақал жазу үшін ғана жаралған. Сол миссиясын әлі күнге адал атқарып келеді. Оның туындылары – өмірдің өзі. Өмірдің өзі...

85 жасыңыз құтты болсын, ақсақал! Қарағандылық ақын-жазушылардың атынан құттықтаймыз! Ғұмырыңыз ұзара берсін, тұғырыңыз биіктей берсін! Сіздің жазу дертіңіз – қазақтың құты.

Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ,
ақын,
Қазақстан Жазушылар одағының
Қарағанды облысындағы өкілі

• ЫҚЫЛАС

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

Адалдықты ту еткен

Өмір Кәріпұлы – қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі. Оның жазуға, әдебиетке деген адалдығы бөлек әлем. Ұлағатты ұстаздық пен жазушылықты қатар ұстап, қара сөзден кесте өрді, жілігін шағып, майын ішті. Өлендері де бір төбе.

Сөздің киесіне бас иген Өмір ағам ауылдан кеткен жоқ. Кіндігі байланған туған өлкесінде қалды және қаламға, жазуға деген адалдығын да сақтап қала алды. Оның әр шығармасын оқып отырып, сөзді орынды пайдаланудың, сөзбен сурет салудың, шынайы өмірді көркем шығармаға айналырудың хас шебері екеніне тәнті болып, таңдай қағасын. Әсіресе, «Сарыбел сазы», «Атасының баласы», «Бұрқақ», «Тайталас» сынды сүйекті дүниелері қазақ әдебиетінің іргелі олжасы болып есептеледі.


Атақ пен мансапқа құмартқан жоқ, қаламның киесін, сөз қадірін бәрінен биік қойды.

Ал, енді жер-су атаулары мен арғы-бергі тарих және ел шежіресі жайлы жазылған деректі дүниелері һәм тұшымды мақаласының өзі романға бергісіз. Елге келген сайын

• ЖЫР-ШАШУ

Нартұлга

(Өмір Кәріпұлына)



Құт болып атқан әрбір құба таңы,
Өмекең – мың адамның бір адалы.
Сипатын сырбаз жанның жыр етуге,
Өлеңнің жетер ме екен сірә де әлі?!

Тулғасы – Байғозының өзіндей-дүр,
Сұлбасы – батырлардың көзіндей бір.
Сексеннен асса дағы сері – көңіл,
Кәрілік әлі-ау бойда сезілмей тұр.

Дауысы – Өміре кеп ең салғандай,
Дабысы – Тәңірі де тамсанғандай.
Құшағы – Сарыарқадай айқара кең,
Мәрт күліп бар қазағын қарсы алғандай!

Келбеті – Ақселеудің кең маңдайы,
Кең маңдай, кесек бітім –
кем болмайды.
Өр туған тарланбозы Тарактының,
Тараған талай текті ел қаймағы.

Көнілі – Жаңаарқаның даласындай,
Өмірі – Сарысудың сағасындай.
Екпіні тау қопарып, тас жарардай,
Тектіні табармысың дәл осындай!

Мекені – Шет өлкенің Ағадыры,
Шертеді күй шалқытып дала – қыры.
Дүние төңкеріліп түссе дағы,
Селт етпес сабыры мол дара түрі.

Қазғаны – кәрі тарих – қазыналы,
Жазғаны – жаһұт-маржан мағыналы.
«Тайталас», «Бұрқақ» сынды
еңбегінің,
Бағасын берер нағыз халық әлі.

Бойгедей – шаң жұқпаған сауырына,
Қарамай қарсы соққан дауылына.
Мұрасын мыңжылдықтың мирас етіп,
Беттеді жүзжылдықтың ауылына...

Сокпағын елден ерек салған дара,
Белесің құтты болсын, Сардар аға!
Самғаңыз, шарықтаныз шырқау көкте,
Сұңқардай көз тастай сап Сардалаға!

Әсет АМАНЖОЛ

• ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ

Қаламгерлік қажырдың көркем келбеті

Жазушы Өмір Кәріпұлының «Бастау» романы хақында

Өмір Кәріпұлы ағамыз жарық дүниеге мынау өмірді жырлау үшін келген секілді. Соған орай, жырлап та келеді...

Бүгінде сексеннің сеңгіріне көтерілген ақсақалдың қаламынан туған біршама көркем туындылар бар. Туған жердің тылсым табиғаты, дала дидары мен ауыл өмірін арқау еткен шырайлы шығармалар шоғыры «Сарыбел сазы» (1977), «Атасының баласы» (1980), «Ескі тоған» (1985) әңгіме-повестер жинағына айналып, одан кейін «Бұрқақ», «Тайталас» (1991-2001) романдарына ұласты. Сосын, «Серілер мен перілер» (2004) дейтін ғажап әңгіме-хикаяттар жинағын көрдік, алдық, оқыдық. Арада жылдар өткенде «Сыбаға» (2010) поэзиялық жинағы, «Тамызық» прозалық кітабы мен «Тұғыр» этнотанымың еңбегі (2013), «Қоңыр сарын» (2014) таңдамалы прозалық еңбегі, «Дала сыры» (2020) кітабы, «Белес» (2021) прозалық жинағы жарық көріпті.

Аталмыш жинақтардың көбісі мемлекеттік тапсырыспен шыққан екен. Енді, міне, «Бастау» деп аталатын тағы бір қалың кітабын қолға алып, оқып шықтық. Алматы қаласындағы «Алгоритм» баспаханасынан 2022 жылы 34,5 баспа табақпен 500 дана болып шығыпты. Кітап 552 бетті қамтиды. Үш елі қазы майының қалыңдығындай сүбелі еңбек роман жанрында жазылған. Бір ғажабы, шағын әңгіменің өзін оқудан шаршайтын бүгінгі қоғамда 500 беттен асатын роман жазып, оны оқырманға ұсынудың өзі – ерлікпен пара-пар десе болады. Оның үстіне автордың сексеннен асқан жасын қосындық. Ерліктің ерлігі ғой.

Қазір жетпістің үстіндегі кейбір ағаларымыздың өзінің аты-жөнін ұмытып қалып, біреуден сұрап жүргенін де көріп жүрміз. Ақпаратты жаңбырша жауған, небір негативі жүйкені жұқартар мынау мазасыз жер бетінде ерте қартаю



да, алжып кету де бар екендігін айтып жатқанымыз ғой. Солармен салыстырғанда Өмір ақсақалдың қаламын қайрап, ту романды тулатып, оқырманға олжа жасап жатқанына таңқаласың һәм қызығасың. Қызығып тұрып, бала кезінде қалам-қаруына серт берген бүгінгі қажырлы қарт қаламгерге, қайраткер жазушыға ырза боласың!

Ал, «Бастауды» бастадық. Не айтамыз? Біріншіден, «бастау» деген ұғым – бүкіл дүниенің, тіршіліктің басы. Романның басынан аағына дейін осы ұғым мен сөз ту секілді желбіреп тұр. Екіншіден, оқиға желісі әуелі қорықшының шатырсыз аласа үйінен басталып, бірте-бірте биіктей береді. Өзен-көлдерге құятын кайнар

бұлақтың бастауы сияқты. Әрі қарай бірнеше диалог пен монологтарға жол ашылады. Диалогтың болуы – заңдылық! Ал, монолог ше? Монолог – көркем шығарманың көпірі іспетті. Кейбір үзілейін деп тұрған нәзік тұстарын жалғап жіберуге жақсы. Лықсыған көп ойды суға құлатпай сол тамаша көпірмен алып өтуге әбден болады. Өмір ағаның өміршең романында ой желісі, сөз кестесі керемет өріліп шыққан. Тіл шұрайлылығы, кейбір қолданыстан шығып қалған сөздерді ретіп тауып қолдануы, табиғат суреттері, бүгінгі қоғамдағы белең алған біраз кемшіліктер де көрініс тапқан.

Романның басты кейіпкерлері – Келес пен Ерсін. Осы екеуімен бірге оқиға алаңына тағы біршама

адамдар алынған. Ақшағұл, Орынша, Онал, Дүйсен, Қияшбай, Оқпан – бұлар да негізгі оқиға желісін жетілдіріп, іс-әрекетті толықтырып тұрған сәтті образдар. Көк бөрі мен Көк бөрте, Марқасқа теке мен Құлжа арқар, Көк дүрегей ит секілді тұз тағылары мен үй жануарлары да өздерінің мағыналы монологтарымен шығарма жүгін салмақтандыра түскендей.

Келес пен Ерсіннің өмірдегі текетіресі – ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың айкасындай туындының өн бойында өріліп отырады. Талант пен тоғышардың, дарын мен дәлдіршігтің талас-тартысы, дау-дамайы ежелден келе жатқан итжығыс әрекеттердің бірі

ғой. Бұл – қай ұлтта болсын кездесетін, жалпы адамзатқа тән күрделі күрес. Әсіресе, қазақ қоғамында әлі күнге дейін өршіп тұрған өрт. Күншілдік, көреалмаушылық, қызғаншақтық – дауасыз дерт. Қазақтың түбіне жетіп, өркендетпей, көгертпей келе жатқан да осы құрып кеткір жаман қасиеті...

Көлемді романда көп мәселе көтеріліп, жан-жаққа жортқан сауалдар әлдеқайдан жауап іздейтіндей. Шындық шырылдайды, ақиқат аласұрып араша сұрайды. Шыңғыс Айтматов, Оралхан Бөкей секілді классиктердің туындыларындағы тулаған ой толқындары мұнда да өз іріміне оқырманын тарта жөнеледі екен. Ой тереңдігі мен тіл көркемдігін ерекше атауға болады. Бұл жерде адам санасының азуы мен табиғаттың тозуы да біршама қозғалған. Әлемді жайлаған экологиялық зардаптарға қарсы күресудің орнына биліктегілер белден басып, заңсыз әрекеттерді өздері әдейі істейтініне

қайран қаласың?.. Табиғаттың тазалығы, жердің бүтіндігі, жан-жануардың амаңдығы мен өсіп-өнуі үшін еңбек етіп жүрген азын-аулақ адамдардың, яғни қорықшылардың жанайқайын тыңдайтын қоғамда құлақ жоқ, көретін көз жоқ... Бұған қоса, қасқыр, арқар, киік, ит тәрізді тұз тағылары мен үй жануарларының мұңды монологтары таразыға тартылған. Автор өзінің айтайын деген ойын, көтерер мәселесін, көзқарасын әртүрлі әдістермен, деталь-штрихтармен әдемі жеткізген.

Көркем туындының тағы бір ерекшелігі – бастаудан басталып, бастауға қарай ұмтылған ой ағыны және осыған бағытталған барша іс-әрекет. Мұндағы бастау дегеніміз – ұлттық код, халықтық тәрбие мен мәдениет, елдің тарихы мен шежіресі. Осынау барлық жақсы қасиеттердің жиынтығы – бастау екендігі сөзсіз. Сонымен қатар, өткенді ұмытпай қастерлеп, жадыны жаңғырту да – бастауға алып барар басты жолдардың бірі.

P.S. Жазушы Өмір Кәріпұлы ағамыздың «Бастау» романын үлкен қызығушылықпен оқып шықтым. Өте әсерлі, жақсы жазылған. Тартымды, көп ойларды тақырып аясына тоғыстырып, көркем тілмен өрнектеп шыққан. Жетістігі жетекшілікті аталмыш романның бір ғана кемшілігі – қателердің өте көптігі. Кітаптың басынан бастап, соңына дейінгі әріп қателері мен тыныс белгі қателерін қарындашпен астын сызып отырып, ерінбей санап шықтым. 1500-дей қате бар екен. Үсіп қалған әріптер де, артық кеткен әріптер де бірден көзге шалынады. Корректор оқымаған, редактор қарамаған, баспа тексермей баса салған сияқты... Қарт қаламгердің қолжазбасынан компьютерге терген кім болды екен?.. Алматыдағы баспахана да жауапкершілікті мойынға алмаған. Бұл жерде Өмкеңнің жазығы жоқ. Қолжазбаны теріп, көмектескен адамдардың кінәсі. Қағазы, мұқабасы, дизайны бәрі-бәрі әйбәт бұл қалың кітаптың осындай «әттеген-айы» бар...

Шіркін, бар қателерін түзеп, қайта басып шығарса ғой деп те ойлаймын. Шағын данамен болсын жөндөлген нұсқасы қайта жарық көрсе, нұр үстіне нұр болар еді! Жақсы кітап – жәдігер, оқырманның олжасы ғой! Кейінгі қалар ескерткіш, суреткердің көзіндей болатын мұрасы ғой!..

Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ҚАРАҒАНДЫ

иегері Өмір КӘРІПҰЛЫ – 85 жаста

• БҮГІНГІ ПРОЗА

Қаламгердің жарқын әлемі

Қазақ әдебиеті – алтын шаңырақ десек, жазушылар мен ақындарды осы шаңырақты көтеріп тұрған уық деп бағалауға болады. Олай болса, уықтың беріктігі шаңырақтың мықтылығына сеп екені айтпаса да түсінікті.

Осы орайда, бүгінгі қазақ прозасында айтулы қаламгерлер қатары сиремей, керісінше жаңа есімдермен молыға түскені және олардың әлемдік әдебиет сапасын көтеруге үлес қосып келе жатқаны көңілге қуаныш ұялататыны сөзсіз. Міне, осы сапты жерлесіміз, Қарағанды облысында тұратын Өмір Кәріпұлының толықтыра түсетініне ешкімнің күмән келтірмейтініне мен сенемін. Өйткені, аталған жазушы өз шығармалары арқылы заманауи ырғактарды санаға жеткізіп қана қоймайды, оған қоса сол замандағы қилы тағдырлар мен оны түзген адами болмыстың сан-салалығын келер ұрпақ жадында жаңғырту үшін бар талантын жұмсау үстінде.

Өмір Кәріпұлының шығармашылық қуатын андаған адам жалпы әдебиет әлемінің шынайылық пен шамырқанудан тұратынын байқар еді. Шынайылығы сонда – талант қарымы сырғақтыққа салынбай бояу мен бояманың ара жігін ажыратып тұрса, шамырқануы сонда – бір туындыдан екінші туындыға өткенде өрілер оқиға мен тіл көркемдігі қайталама ауылынан алшақтап, сонылық соқпағын жаңғыртумен қатар, шырығыс пен ширатпа өрімдерді жадыға тоқуға оқырмандарын бейімдейді. Ал, мұның өзі – нағыз талантты қаламгерге ғана тән қасиет екені бағзыдан мәлім дүние. Сонымен қатар, оның шығармаларына тән бипаздық пен сырбаздық, кербездік пен керімсалдық, еркіндік пен еркелік – жазушыны қара сөз шеңберінен асырып, лирикалық биіктікке алып шығатыны ғажап құбылыс. Иә, түсінген жанға Өмкең лирикалық қуаттағы қалам иесі. Мұны жазушының қай дүниесінен де байқайтынымыз даусыз.

Әлі есімде, өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бел ортасынан аса Кәріпұлының қалыңдығы шынашақ шықпас, сөйткенмен айдай әлемге айтары мол, сыршылдығына көңіл толатын «Сарыбел сазы» деп аталатын кітабы жарық көргенде былайғы жұрт жас жазушыға алғашында күдікпен қарағанымен, баспадан енді жеткен дүниені парақтай бастағанда тамсаныстарын жасырмағаны аян-ды. Дәл сол уақыт шеңберінде бірінен кейін бірі жарық көрген лирикалық сарында жазылған бірнеше шығармалардың тасасында қалып қоймай «Сарыбел сазының» елге бірден еленуі, әрине, оның авторының талант пырағын еркін ерттеуінде тұрғанын айтпай өту мүмкін емес-ті. Осы кітаптан соң оқырман қауым Кәріпұлын іздеуді әдетіне айналдырып алды. «Атасының баласы» (1980), «Ескі тоған» (1985) әңгіме, повесть жинақтары-



Сурет автордан

ның қолдан-қолға өтуі, «Бұрқақ», «Тайталас» романдарының оқырмандар арасында көптеген пікірталас тудыруы аталған шығармалардың көркемдік деңгейінің биіктігінде жатқаны дау тудырмайтын. Кейінгі қомақты дүниелері арқылы жазушы ұшқыр аттай жүйріктігімен қатар, аламанға салса алымы жетерлік талант иесі екенін таныта алды.

Бұл сөзімізге мысалды алыстан іздеудің қажеті шамалы. Қанқұйы соғыстан кейінгі ауылдың мүшкіл халы мен ондағы тіршіліктің қиындығын, күйреген шаруашылықты қалыптастыруға жұмылған ел адамдарының қайсарлығын сөз ететін «Бұрқақ» романы арқылы жазушы бүтін бір халықтың белгілі бір кезеңде бастан кешкен ауырлығын оқырманға тарту етіп қана қоймай, одан шығар жол қамдаған ағалар қарекеті үстінде қиындыққа төзбестіктен туған жүрек бұлқынысын нанымды суреттейді. Соғыстан жараланып оралған Ахтан бұл шығармада әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы білек сыбаңа күресуге шықса, оны қолдаған ауылдастары Қармыс, Доскен, Алсулар өз әрекеттері барысында әділетсіздік қамалын бұзуға ықпал жасай біледі. Соның нәтижесінде береке-бірлік орнатуға мүмкіндік туады. Сөйткенмен, бас кейіпкер Ахтанның трагедиялық хал кешіп, артынан қайтпас сапарға аттануы сол уақыттың шыңдығы екендігі анық жағдай болатын. Оның үстіне романдағы психологиялық портреттер жиынтығы оқырман қауымды тұшындырғаны өз алдына әңгіме.

Роман оптимистік сарында аяқталады. Оны мына үзіндіден байқайсыздар:

«Қарт сөзіне әсерленген Қармыс Қаратөбенің биігіне күн сала қараған. Назары көк жүзінде самғаған құсқа түсті.

– Не көріп тұрсың?

– Бүркіт қой деймін.

– Қыран екенінде дау жоқ, – деді Доскен қарт шырқау биіктегі қос ноқаттан көз айырмай, – Екеу ме?

– Иә, екеу. Бір-бірімен ойын сап жүр.

– Алда тектім-ай! Тапқан екен-ау сыңарын!

– Ұзағынан сүйіндірсін! Қайырлы болсын құсын. Қыран жүрген жерден қырсық кетеді деуші еді. Іншалла, аман боламыз! Бұрқақ саябыр. Алда шуақ.»

Романның «Бұрқақ» атануының өзіндік себеп-салдары да жоқ емес. Бұрқақ бұл табиғаттың ғана кезеңдік құбылысы емес, адам жанының ғұмыр барысындағы төзбеске қарсы өре тұруы тұрғысына қатысты шартты құбылыстың жиынтығына жататын үлкен аласапыран бұл. Сол аласапыран соңы жоқтынын жойып, қотаратынын қотарып, ақырында тыныштық ауылына ат басын тірейтіні аян. Мына романда да ендігі тіршілік мамыражайға айналатынына сенесін.

Өмір Кәріпұлының «Тайталас» романы да шырығыс әлеміне түзілген. Мұнда адам, табиғат, ондағы тіршілік атаулы бір-бірінен ажырағысыз қалыпта. Құлжалар мен көкжалдар арасындағы тайталас, тіпті, тіршілік үшін күрес адам мен адам арасындағы Адам ата мен Хауа анадан бері қалыптасқан ашкөздік пен астамдықтың ешқашан да үзілмейтінін көрсетеді. Күштінің әлсізге үстемдік жүргізуге ұмтылысы, қарты кеп жатса, шайнамай жұта салуға ыңғайы романда шынайы көрініс тауып, оқырмандарын бей-жай қалдырмайды. Ақ пен қараның арпалысы тұтас бір дүниеге арна тартып, ақырында актықтың ажар ашуы – бұл әкзер әлемнің актыққа жүгінуге бейімдігін танытады.

Шындыққа бой алдыратын болсақ, мына әлем әлеміж бояулар қосындысынан тұратынын көреміз. Онда қызыл да, жасыл да, сары да, басқа да түстер кездеседі. Сөйткенмен, екі бояудың үстемдігі айқын аңғарылады. Олар – ақ пен қара түстер. Ақ бояу – актыққа, адалдыққа үндесе, қара бояу – тұмшалықтың пердесін қалқайтып, қараңғылық пен қапастың сұлбасын алдына тартады. Тартып

қана қоймайды, сананы жаулап, сандырақ пен сарсаңға жол ашып береді. Оған бір түссең қайта айналып шығар жолды табу мүмкін емес. Сондықтан, адамға қарадан абай болғаны әркезде абзал.

Жазушының қай шығармасын алсаң да, адамдарды адасушылықтан сақтандыру амалдары өріс алған. «Серілер мен перілер» кітабына енген «Саятшы», «Қоңыр сарын», «Аусар», «Сынақ» повестері мен «Мейрам суы», «Қара киімді әйел», «Қасиетті шөп», «Үзілген үміт», «Қыз алғыш» әңгімелерінде қаламгер өз позициясын өзгертпейді. Оны жай ғана баяндау тәсілдерінен және аулақ. Көркем тіл, айшықты оқиғалар желісі арқылы оқырмандарына жеткізіп, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге амал салады.

Әрине, шағын бір мақала көлемінде жазушының шығармашылық әлемін түгелдей талдап шығу мүмкін емес. Сөйткенмен «Мейрам суына» аздап тоқталып өтелік.

Кезінде болған, толған, болдым екен деп алды-артына абайсыз қараған Тұқат қарттықтың ауылына жеткенде рабайсыз күйін байкатпас үшін кебін тігуге машықтанған. Ол бүгінде сүйекке түсуге ғана жарап тұр. Өйткені, кетер күш кетіп тынған, көрер қызық көзден бұлбұл ұшқан. Бей-берекет жігіттіліктің салдарынан тапқан сырқатынан да шығар шаңырақ ұстар баласы және жоқ. Ал, «Өз обалың өзіңе. Сенен кем байға тисем, жер жұтсын мені», – деп өз жолын тапқан бәйбішесі Күлшән болса көрген түстей.

Міне, осындай күйде жүргенде тағы бір қаза қарасы шығып, Күлшәнмен және жүздесудің ыңғайы табылады. Бірақ, кезінде жан мен тән ортақтастығы болған бәйбіше бүгінде мүлдем басқа адам. Өзге ошақтың отын тұтатып, өзге әулеттің жоғын жоқтаушы ғана. Өлген адам оның отағасысы екен.

Бірақ, екеуара кездесіп шер тарқтауға мұрсаттары жоқ еді. Бәйбіше Тұқатты танымаған болады. Тұқат та өткенді жаңғыртпауға тырысып, өзімен-өзі қалуды амалдайды. Сөйтсеп де, автор тілімен айтқанда: «Күлшән дауыс айта бастағанда жылысып кетпекке оқталған. Бірақ ішкі түйсігі ырыққа көнбеді. Қаралы зарлы үн қол-аяғын жіпсіз матағандай бір орнынан тапжылмады. Бұрын-соңды басынан кешпеген, кешсе де ұмыт болуға айналған шағымшыл назалы сезімде жүрегі езіле жылап еді. Қайғыдан қажала-қажала қасаң тартқан көкірегі өксік ата ығыс селкесік етіп егілгенде көз жасы омырауын жуып кеткен» Тұқат сорлылықтың сартабын осы арада шынымен түсінеді. Түсінеді де шарасыздықтың шырмауына байлана береді.

Сөйткен Тұқат өз үйінде жападан-жалғыз жатып көз жұмады. Иістеніп кеткен мәйітті жерлеген тағы Күлшән. Адамгершілік қасиетті қастерлегенінен осындай іске

барған. Бұл оның адамдық мұратты бәрінен биік қойған ұлылығынан еді.

Жазушы Өмір Кәріпұлының бағы мен соры бір басына жетерлік қаламгер. Бағы сонда – ол өз кейіпкерлерінің ортасында жүр. Елден тамырын үзбеген. Ал, соры... соры – әдеби ортадан тысқары ғұмыр кешуінде жатыр.

Ал, шындыққа жүгінсек Өмкеңнің әдебиетшілерді дайындауға сіңірген еңбегі ерекше. Алпысыншы жылдардың ортасында Ақтау орта мектебіне ұстаздық қызметке келіп, бойынан ұшқын көрген балаларды іріктеп, оларға тәлім-тәрбие бергеніне күзгерміз. Әдебиет үйірмесін ұйымдастырып, оқушылар айтысына мұрындық жасап, шалғайдағы ауылға тың леп жеткізген. Соның әсерінен, әрине, кейінде филология ғылымдарының докторлары Балтабай Әбдіғазиев пен Жансая Жарылғапов, айтыс ақыны Қойлыбай Асанов, осы мақала авторы үлкен өмірге жолдама алған еді. Ал, бір ауыл мұғалімі осыншама елге белгілі ұрпақ түлетсе, ол ұстаздық еңбектің шын жанғаны деп бағалаған жөн.

Өмкеңнің және бір қасиеті – ол ешқашан өзін өзгелерден жоғары ұстаған жан емес. Қарапайымдылығынан. Кім не айтса, балаша иланып жүре беретін аңғалдығы да басым. Соған қарап, бір көрген адамның оны жазушы деп тануы мүлдем мүмкін емес. Жаспен де, жасамыспен де мамыражай әңгімеге көше отырып алатынын ата білетіндігі таң қалдырады. Жасынан сіңген құйма құлақтық ғадетінен. Соның салдарынан ел тарихын көп білетіндігі көне көздерді көп тыңдағанының нәтижесі деп қабылдаған дұрыс.

Осы арада менің есіме тағы бір оқиға оралады. Ол ұстаз, біз оқушы кезіміз. Әдебиет үйірмесіне жиналғанымызда Өмкең жымия тұрып:

– Уақыттың өз берері, өз алары болады, балалар! Бәлен жыл өткенде менің баспадан шыққан кітаптарымыз қолдарыңа ұстап, ішін ақтарыстырғандарыңда осы бір жаймашуақ күндерді еске алғайсындар. Сонда «мына кісі бізге ұстаздық еткен» деп еске алсаңдар, егер сендердің араларыңнан ақын, жазушы шығып, мен сондай күйді бастан кешіп «мынау менің шәкіртім еді» деп отырсам, одан өткен бақыт болмас, сірә да. Соған жазсын деп тілеймін, – дегені бар-ды.

Ол кісінің тілеуі келіп, Аллаға шүкір, шәкірттері арасынан ғалым да, жазушы да шыққанын жоғарыда айттым. Ал, ұстазымыздың өзі, міне, сексен бес деген асудың заңғарына көтеріліпті. Ләйім, заңғар басы аласармасын!

Жазушылық жарқын әлеміңіз өз кеңістігін кеңейте берсін, Өмке!

Төкен ӘЛЖАНТЕГІ,
жазушы, халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері

• ТАҒЫЛЫМ

Шынайы сөздің шырақшысы

Өмір Кәріпұлы – қазақ прозасына өзіндік өрнек, ауылдың ісі мен даланың дүбірін ежелден қабырғалы қаламгер. Оның әрбір туындысы – ұлттың жалын жаңғыртқан өміршең әлем, ал, қаламгердің өзі – рухани-ят төріндегі қадірлі есім.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өмір Кәріп дегенде ес-тұтымға өмірдің өзі келетіндей. Иә, өңірден ұзамай саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне сарп ете жүріп халқымызға классикалық канондағы шаһар туындылар сыйлаған біртуар жан бұл. Өмір ақсақал дегенде, көз алдымызға күні кеше оқырманының жүрегін жаулап алған «Бұрқақ» романының қым-қиғаш желілері көлдене келеді.

Өмір Кәріпұлының әрбір сөзінен жүрегінің кеңдігін, шынайылығын сезуге болады. Ауылға ат байлаған арда ақсақал Алаш жұртына әлі де небір тың туынды ұсынарлық қайраты бардай. Әсіресе, тұмса табиғат пен адам баласының қыр-сырын өзгеше берген анималистік туындылары қазақ дейтін қарақоз жұрттың байырғысын есіне түсіріп, түбіне еріксіз үңілдіргісі келеді. Өмір Кәріпұлының шығармалары – өміршен. Күнделікті ақпарат

айдынында лекіп жүрген «өлі туындылардан» бөгенайы бөлек.

Жетпісінші жылдар... Қазақтың заңғар жазушысы Қалихан Ысқақ жас жазушы Өмір Кәріпұлының «Ақжамал» атты хикаятын оқып шығып, авторға «Дайын жазушы екенсің» деген лебіз білдіргені көзі қарақты оқырманның есінде. Онан соң «Сарыбел сазы» келді дүниеге. Қазақстан Жазушылар одағындағы салалық секция жетекшісі, көрнекті жазушы Тәкен Әлімқұлов повесть хақында «Баспаға тапсыру керек» деген тілектестік пікірін білдіреді. Ақыры автордың қаламалды кітабы «Сарыбел сазы» деген атпен «Жалын» баспасынан 1977 жылы жарық көрді.

– Әдеби ортадан жырақта, ауылда түртінетін қаламгерлерді қанатының астына алып, қамқорлық көрсететін аға жазушылар – Қалихан Ысқаков, Қабдеш Жұмаділов, Тәкен Әлімқұлов, Әкім Тарази, Софы Сматаев, Рамазан Токтаров, Қажығали Мұхамбетқалиев, Асқар Сүлейменов, Оралхан Бөкеевпен пікірлес болғанымызды өзіме мәртебе көремін. СССР Жазушылар одағының мүшелігіне өтерде (1986), кепілдемені Тәкен Әлімқұлов, Қабдеш Жұмаділов, Қалихан Ысқақовтан алдым, – дейді Өмкен Толымбек Әбдірай-

ыммен жалғасқан сұхбатында.

Қалихан Ысқақтың «Дайын жазушы екенсің» деген бағасы – бір жазушының емес, тұтас бір дәуірдің үміті еді. «Сарыбел сазы» арқылы Өмір әкеміз сол үмітті ақтап, әдебиет айдынына өз өрнегін қосты. Қаламгердің артында тұрған үлкен әдебиет майталмандарының сенімі, аға буынның ақ батасы оның шығармашылығына ғана емес, адами болмысына да айқын дәлел. Өмір Кәріпұлы – әдебиеттегі достық пен тілсуелестік, ағалық қамқорлықтың күзесі болған адам. Ол тәлімін көрген қаламдастарымен ғана емес, шығармаларымен де ұлт руханиятына үлес қосты. Өткеннің көзі тірі куәгері, бүгінгінің қадірлі ақсақалы ретінде оның өнегесі – жазушы ұрпаққа аманат.

Оның қаламынан туған кейіпкерлер – қарапайым ауыл тірлігінің көркем галереясы. Бірі – табиғатпен тілдескен аңшы, бірі – даланың дүбірін сезінген қойшы, бірі – өмірдің қиындығынан қажымаған қарапайым әйел. Бұл образдар арқылы қаламгер тек бір ауылдың ғана емес, бүтін қазақ жұртының тағдырын, мінезін, сенімін, сағынышын бейнеледі. Әдеби тілдің бояуын қалыңдатпай, табиғи сөйлету, кейіпкер монологтары мен диалогтарында қазақы қалпын сақтау – Өмір Кәріпұлының ба-

сты ерекшелігі. Әсіресе, табиғатты суреттегенде жалаң сипаттауға ұрынбай, адам көңілімен астастыра беруі оның прозасына өміршендік сыйлайды. Бүгінгі күні ауыл руханиятының әлсіреп, қаламгерлер назары қаладан алыстаған тұста, Өмір Кәріпұлының туындылары ауылдың кешегісін ғана емес, бүгінгісін де ойландыруы тиіс. Оның әр шығармасы – өткенге салауат, келешекке аманат.

Өмір Кәріпұлы әдебиет әлеміндегі ұстазы деп Асан Жұмаділінді атайды. Одан соңғы ақылтері Ақселеу Сейдімбек еді. Әлем әдебиетінен Лев Толстой, Антон Чехов, Джек Лондон, Андре Моруанов есімдерін ескереді. Бір қызықтысы арда жазушы қазақ прозасындағы алыптар шоғырын саусағын бүгіп тұрып, күрөңбай сынышдылығына салып, ой елегінен өткізеді. Өзі жолыққанында атамекендегі қазақ әдебиетін былай қойғанда, кірген шаңырақтан бір «есті» кітап таппай дағдаратынын айтып қоңырайып қалады. Мұны жиі айтады. «Адамды қиянаттан, ғаламды қияметтен мейірім құтқарады» деген аяулы сөзі және бар.

Өмір Кәріп – есімі ел жадында, сөзі санада, шығармалары жүректе сақталған сирек талант. Оның әрбір жазғаны – жай ғана көркем



Сурет ашақ деректен

сөз емес, әр қазақтың жан әлеміне жақын, табиғаттың тамырын тап басқан, адамның жан дүниесін іңкәрлікпен ашқан өміршен дүние. Заман өзгерсе де, уақыт алға оза да, Өмір ақсақалдың қаламынан туған кейіпкерлері мен кескіндеген құбылыстары мәнін жоғалтпайды. Ауыл топырағының ісі сіңген, даланың дүбірі мен тау етегінің сыбдалары естілетін шығармалары талай ұрпақтың ойынан, жүрегінен орын алып, алдағы күнге аманат болып

қала бермек. Өмір Кәріпұлы – қазақ әдебиетінің өз соқпағы бар, өз өрнегі бар, ешкімге ұқсамайтын өзгеше дарын иесі. Оның өмірі де, өнегесі де, сөзі де – елдікке, адалдыққа, өнерге қызмет етудің айқын үлгісі. Болкім, уақыт өткен сайын біз Өмір ағкеміздің шынайы биігін, сөз өнеріндегі салмағын тереңірек сезініп, оның әрбір жазғанына қайта үңілерміз. Қайта оқып, қайта ойланармыз. Себебі, шын таланттың сөзі – мәңгі.

Ғалымдар мұрасы дәріптелді



Е. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде «Балаубаев оқулары – XVII» психология апталығы қорытындыланды. Биылғы конференция бірқатар маңызды мерейтойлық даталар – академик Евней Бөкетовтің 100 жылдығы, қазақстандық психология мектебінің негізін қалаушы Сәлкен Балаубаевтың 125 жылдығы, көрнекті ғалым Сатыбалды Жақыповтың 75 жылдығы және университеттегі психология кафедрасының құрылғанына 35 жыл толуына арналды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияда университет ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков қатысушыларды құттықтады. Шараға Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтайдың, сондай-ақ, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Мәдина Өмірқұлованың қатысуы конференцияны айышқай түсті.

– 35 жыл – жай ғана сан емес. Бұл – саралау, қорытындылау және ең бастысы, жаңа көзқарастарға қадам басатын кезең. Психология кафедрасы бұл белеске лайықты жетті деп сенемін. Биік көрсеткіштер, ғылыми жетістіктер мен мықты әлеует – кафедрамyzдың мақтанышы, – деді Мәдина Өмірқұлова.

Пленарлық отырысты психология ғылымдарының кандидаты, психология кафедрасының профессоры Р. Сабирова ашты. Баяндамасында «Евней Арыстанұлы Бөкетов – ғалым, педагог, қоғам қайраткері» тақырыбын кеңінен қамтып, «Бөкетов

– адал ғылымның, гуманизмнің және ағартушылыққа адал қызмет етудің символы» екенін ерекше атады.

– Сәлкен Балаубаевтың еңбектерінде қазіргі жағдайдағы психология және басқа ғылымдарда қозғалып жатқан көптеген мәселе ғылыми түрде зерттелген. Ғалымның бұл салаға қосқан үлесі ұшан-теңіз. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде даярланған «Қалдырған ізі мәңгілік» атты университеттің қалыптасуына өз үлесін қосқан ғалымдар мен оқытушылар жайлы еңбекке Сәлкен Балаубаев есімі енгізілді, – деп атап өтті Нұрлан Дулатбеков.

Конференция еліміздің түпкір-түпкірінен келген жетекші психологтар, зерттеушілер мен студенттерді, сондай-ақ, Ресей, Өзбекстан, Бразилия және басқа да елдерден келген шетелдік қонақтардың басын қосты.

Суреттер
ұйымдастырушылардан



• БІЛІМ

Ұлт мүддесін мұрат қылған

Мектепке директор жетіспеушілігі бар мәселе. Әсіресе, ауылға барып, білім сапасын көтеретін білікті басшы табу қиын. Осыған қатысты Оқу-ағарту министрлігі «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасын іске қосқан еді. Яғни, сарапшы-педагог өзі таңдаған мектепке директор бола алады. Тек, жоба талаптарын толық орындап, оқуын ойдағыдай тәмамдау керек. Былтыр осы жоба негізінде Қарағанды мен Ұлытау облысынан бір ғана үміткер сертификатқа қол жеткізген көрінеді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық педагогтар съезінде ауыл мектептерін зияткерлік, сондай-ақ, қоғамдық орталық ретінде дамыту маңызды екенін атап өткен болатын. Сол себепті, жоба сертификатты иемденген педагогтың мойнында ауыл мектебінің білім сапасын көтеру жүгі бар.

Думан Сәдірислам «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» кадрлық резерві жобасының іріктеу кезеңінде Ұлытау облысының атынан бағын сынапты. Бұл жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Оқу-ағарту министрлігі Президенттік жастар кадрлық резервінің үлгісінде білім беру саласындағы өзгерістердің көшбасшыларын іріктеу және даярлау тетігін әзірлеу және бекітуді көздейді.

Думан Ғаниұлы жобаның іріктеу кезеңінде сүрінбей өтіп, оқуға қабылданады. Жобаның алты кезеңінен, бес емтиханынан мүдирмен ол білім саласындағы кадр резерві қатарына енеді. Былтыр салтанатты түрде Оқу-ағарту министрі Гани Бейсембаевтың қолынан сертификат алған.

Жобаның ерекшелігі сонда, кадр резервіне қабылданған педагог конкурстық мектептегі басшылық лауазымына бірден тағайындалады. Думан Ғаниұлына кадр резервінің қатысушысы ретінде Ұлытау облысы, Ақмола облысы, Қарағанды облысының білім басқармаларынан ұсыныс түсітті.

Сөйтіп, сәуір айында Қарағандыны таңдаған үміткер облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісованың келісімімен, Қарқаралы ауданы білім бөлімінің басшысы Абылай Жәлеловтің қолдауымен Қарағайлы кентінің №16 мектебіне ди-

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Байыса, қазақ байысын!

«Балапан» деген балалар арнасынан «Алдар көсе» ертегісінің мультисериалдық нұсқасын көрсетіп жатыр. Соған қарап отырып, ойға баттық...

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шықбермес Шығайбай қандай кейіпте? Сараң, арам, қарқылдап күлгіш бір надан. Алдар көсе соны алдап, малын алмақ. Кедейге болысады, көңілі содан толысады. Содан, қоржынын арқалап, есегіне мініп, ауыл аралайды, алдауға ыңғайлы «өзбыр» байды жағалайды. Өзі де кедей. Мал-дүниеге түкіргені бар, қарсы келген сынағын күлімдеп ұрар. Шапаны қырық жамау.

Жарайды, мәселе Алдарда емес. Қазаққа кедей образы неге әлі күнге дейін сүйкімді? Бай – сүйкімсіз. Мұндай көзқарас қайдан тамыр тартады?

Осы сауал мазалайды. Мысалы, такси жүргізушісімен, құрылыстағы қарапайым сылақшы, кірпіш қалаушымен, зауыттағы жұмысшымен, базардағы саудагермен тілдесе кетсеңіз болды, бай атаулыны жақтырмайтынын айтады. «Қу» дейді, «сараң» дейді. Күнделікті өмірде естіп, көріп жүрген түсініксіз құбылыс. Әлбетте, бүгінгі қоғамда елдің ырысын тонап, шырты түкіріп отырғандар көп. Жемқорларды, паракорларды жақтырмайтынымыз анық. Бұны жоққа шығармаймыз. Бірақ, адал еңбекпен, көсіппен байығандар бар емес пе? Заман басқа. Баюдың жолы жетіп артылады. Мемлекеттік деңгейде шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіліп келе жатқалы қашан. Субсидияңыз да, шағын несиеңіз де, бәрі бар. Тек, талап пен ниет керек. Кәсібіңді дөңгелетесің, өзгені де жұмыспен қамтисың, салық төлеп, ел экономикасына да салым саласың. Халыққа да, мемлекетке де тиімді. Кеңес дәуіріндегідей «Бай, кедей деген жоқ. Бәрі бір деңгейде» деген саясат емес.

Абайдың екінші қара сөзі еске түседі осындайда. «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдиреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боктасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боктап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінесе – шаршап, жаяу жүрсе – демін алады, ноғай дегенше, нокай десенші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, башалшық ноғай» деп.



Коллажды жасаған Айбек Рамаған

Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп». Жанды жеріңе тиеді осы сөз. Маңайындағы адамдармен сөйлесіп, сұхбаттасқан сайын мынаны түсінемін: өзіңнен басқа өзгені жақтырмау деген жаман әдет қанға сіңіп кеткен секілді. Хәкім Абайдың айтып отырғаны біздің қоғамда да бар. «Сонда мен ойлаушы едім: ей, Құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп. Өлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім» дейді хәкім әріқарай. «Өзімнен басқасының бәрін жақтырмаймын» болып тұрғаны бұл күнде. «Абай – қазақтың кардиограммасы» (С.Ақсұңқарұлы) деген сөздің де мәнісін уақыт өткен сайын түсініп келемін.

«Әдет қанға сіңеді» деуші еді қариялар. Кеңестік жүйенің не істегенін еске түсірейік осы тұста. Кедейлерге білікті берді де, бай-бағландарды қудала-тып қойды емес пе. Біреуі «Ақ», біреуі «Қызыл» болып тартысты. Хамит бандыны қуды. Бандысы – бай. Байлар жат жерге қашты. Қуғын-сүргіннен, қолдан жасалған аштықтан қашты. Бай кетіп, ел тозды. Озырлық көріп, кеудесіне ыза мен кек толған кедей тап партияға келіп, тізгін ұстады, жөн нұсқады. Шолақ белсенділер елдің берекесін алды. Даланың еркін жұртын Ленин мен Сталинге табындырған, Сталин портретін отқа жаққаны үшін ағайынды ұстатқан «миы кодталған роботтарды» жасаған советтік жүйе. Қаламгерлерге өзінің идеологиясын насихаттайтын шығармалар жаздырды, кинолар түсіртті. Осылайша, ұлттық санаға, пайымға салмақты, жойқын соққылар жасады. Бүгінде әлемдік саясаткерлер мен тарихшылар советтік идеологияның қуатты болғанын мойындайды.

Кеңес үкіметі қалыптастырып кеткен сол түсінік пен көзқарас неге әлі күнге дейін тыйылмады? Басты сауалдардың бірі – осы. КГБ-да Совет үкіметіндегі еркін ойлы, пікірін ашық айтатын, батыл, көзі ашық, көкірегі ояу адамдардың көзін жоятын жеке бөлім болған деседі. Отызыншы жылдардағы жаппай репрессия – осы деректің дәлелі. Қазақтың зиялыларын орманды бұтағандай қылды. Қызыл үкіметтің ұлттық санаға бағытталған залым саясатына іліккен буынның буы әлі тарқамағанға ұқсайды. Ақын Ғалым Жайылбайдың «Қара ормал» поэмасында «Жұмыр жерде жұдырғын ішке түйіп, Сталиннің өріп жүр балалары» деген қос тіркес бар. Осы жолдар айтар ойымды айнықтап тұрғандай. Дәулетті қазақты жамандап, ағайынды ағайынға жеккөрінішті етіп жүрген Сталинге адал балалардан туған ұрпақтың дүрмегі ме? «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, Тартпай қоймас негізге» демей ме әулие Бұқар жырау.

Әлемде «Алдар көсе» секілді ертегі көп. Мұндай тектегі ертегілердің моралі біреу ғана: озырлықты, әділетсіздікті жеңіп, кедейлерге, әлсіздерге жәрдемдесу, белгілі бір ұлттың қанына сіңген қайырымдылықты, адамгершілікті жоғары қою. Ертегілердің болмысы – осы. Мәселен, орыс халқында Иван-дурак және Емелья дегендер бар. Зұлым, сараңдардан алып, жоқ-жітікке үлестіреді. Үнді халқының мифологиясындағы «Рамаяна» эпосының қаһарманы Рама да жын-дармен айкасып, соның дәулетін кедей-кепшікке таратады. Атақты Робен Гуд әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күрестің символына айналған. Африка халықтарында да жетерлік.

Осы тақырып төңірегінде Абылай Саликов есімді жас кәсіпкермен әңгімелескен едік. Ол кофе автоматтармен айналысады. Жасы

жиырма алтыда. Бір кофе автоматпен бастаған ол бұл күнде он шақтысын ірі сауда үйлеріне қойып, табыс тауып жүр.

– Қазір облыста жас кәсіпкерлер өте көп. Біразы ай сайын миллион тенгеден астам табыс табады. Жарты жыл сайын жас кәсіпкерлердің семинарына қатысып тұрамын. Идеяларын ұсынып, қорықпай, тәуекелге бел байлап, шаруасын бастап кеткендерге қарап өзім де жігерленемін. Теңіз тамшыдан құралады емес пе? Оның үстіне, мемлекет тарапынан қолдау бар. Тек, бизнес идеяңызды жөнімен ұсынып, іске кірісіп кетсеңіз болғаны. Бастысы – ниет. Бәрі адамның өзіне байланысты. Өз тағдырына өзі жауапты. «Үлкен ақыл иелері идеяларды, орта ақылдар жағдайларды, кіші ақылдар адамдарды талқылайды» деген нақылды қаперімде ұстаймын, – деді Абылай Саликов.

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Қисық ағаш» повесіндегі бір хикметті оқиғаны айта кетелік. Повестің басты кейіпкері саябақ маңынан өткен сайын алыстан қисық ағашқа көз тастап жүреді. Қисық ағаштың діңгегі бүтін, әрі жуан. Шамамен тағы бір ғасыр тұратындай. Бірақ, күндердің бір күні кейіпкер әлгі қисық ағаштың сұлағанын көреді. Сөйтсе, ішінен күрт жеген екен. Біздің санамыз да сол қисық ағашқа ұқсайтын-дай. Дер кезінде жебір құрттан арылу керек...

Бір дәуірде малы мен дәулеті тасыған халық қазақ еді ғой. Батырлар жырын оқыңыз. «Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде, Байбөрі деген бай бопты, Төрт түлігі сай бопты, Токсан мың екен қорасы, Мұрындық, нокта тимеген, Түйешілер мінбеген, Сексен мың екен маясы. Шұрқырап жатқан бір жылқы, Тоғай сайын мың жылқы...» (Алламыс батыр жыры). Асыл Алпамыс Байбөрінің баласы. Немесе, «Токтарбайдың дәулеті – Ішкені – мас, жеген – тоқ, Бай-кедейдің көңілі жай» дейді Қобыланды батыр жырында. «Ерте заманда Ерناзар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Келе-келе түйелері болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты» дейді «Ер-Төстікте». Дәуылпаз ақын Қасым Аманжол-овтың әкесі Рақымжан да дәулеті тасыған, маңайындағы жұртқа шарапаты тиген бай болған. Жібектен өрілген шылбырын атын жетектеген жігітке тарту етіп жүрген деседі көзқорғендер.

Байысақ бір-бірімізге қамқор болу, ағайынға қарайласу қасиеттері бойымызға әуелден дарыған жүрт едік. «Көрші ақысы – төңір ақысы» дейтін де біз емес пе?!

ның «Үздік мектеп» номинациясын жеңіп алған.

Келесі оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметіне ауысып, балаларға сабақ береді. Жас мамандардың республикалық, облыстық, қалалық конкурстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болады. «Үздік тіл маманы», «Үздік ұйым», «Қазақстан ұстазы» байқауларының жеңімпазы. Мұғалімдік еңбек еткен жылының қорытындысы бойынша мектебінің «Креативті ұстаз» номинациясының иегері. Онымен қоса, оқушылары республикалық Мұқағали оқулары, Абай оқулары, Әбіш оқулары, Мағжан оқулары сияқты түрлі конкурста топ жарған.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы ұйымдастырған республикалық «Педагогикалық идеялар панорамасы» конкурсының Оқу сауаттылығы аталымында І орын алды. «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсының қалалық, облыстық кезеңдерінің жүлдегері. Мектеп қабырғасында телестудия кабинетінің жетекшісі ретінде оқушыларды журналистика мамандығына баулыған. Осындай жетістіктері бар Думан осал басшы шыға қоймас.

«Жобада алған білімді

ауылдық жерде шыңдап, тәжірибе жинағаным дұрыс шығар деген шешімге келдім. Қарағанды облысы білім басқармасының кадр бөлімі маманы Жаннат Амангелдіқызының көмегімен Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентін таңдадым. Қаладан ауылға көшіп келгендегі алғашқы әсерімді сөзбен жеткізе алмастын. Қарқаралының көздің жауын алатын табиғаты, аспанмен таласқан таулары жазықта туып-өскен маған ұнады. Ауыл тұрғындарының, мектеп ұжымының құшақ жая қарсы алуы жүрекке жылу ұсылады. Ауыл әкімі Мұратбек Зекеұлы ұжыммен таныстырып, ауылдың тыныс-тіршілігінен хабар беріп, қолдан келер көмегін аямайтынын айтты. Ауыл жұртының даладай дархан көңілі бар күш-жігерімді аянбай қызмет етуге серпін береді», – дейді Думан Ғаниұлы.

Жары Жансая Қайыржанқызымен жоғары оқу орнында танысқан. Ол да – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Жары мектеп жанындағы «Балдырған» балабақшасына қазақ тілі маманы болып жұмысқа орналасыпты. Осылайша, ауылға қоныс алғандар мұғалімдер отбасы үйінің қамына кірісіп жатыр.



ректор болып тағайындалды.

Үр жаңа директор Думан Ғаниұлының өмір жолы түрлі өңірмен өрілген. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Кеңес ауылында дүниеге келіп, Жезқазған қаласындағы №1 жалпы білім беретін мектепте оқуды үздік тәмамдайды. Астана қаласындағы А.Құсайынов атындағы

Еуразия гуманитарлық институтында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түседі. 2016 жылы оқуын сәтті аяқтап, дипломын қолына алған соң Жезқазған қаласындағы қарашаңырақ №8 гимназиясына аға тәлімгер болып жұмысқа қабылданған. Тәлімгер ретінде қалалық Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымы-

Ерлік сабақтастығы

Ақ найзаның ұшымен, ақ білектін күшімен елін, жерін қорғаған бабалардың ұрпағы кешегі Ұлы Отан соғысындағы майдангерлердің жан аямас ерлігін ел жадынан шығармау, ұрпаққа паш ету – қашан да біздің парызымыз.

Тарихтың қай кезеңіне үңілсек те, Ұлы даланың ұл-қыздарының ерлігі, қайсарлығы, рухының биіктігі, көзсіз батырлығы дәлелді қажет етпейтін шындық. Әңгімемізге арқау болып отырған Ұлы Отан соғысының жауынгері болған Сұлтанбай Қуанышбайұлы Қарқаралы ауданы Қоңырқұлжа жайлауында 1910 жылы дүниеге келген. Жасынан аласапыран заманның қиыншылығын көрген бозбала елін қорғауға 1942 жылы Қарағанды қаласы әскери комиссариатынан майданға аттанады. Майдан шебіндегі №503 құрамның сапында жүріп, жас жауынгер Қаратеңіз жағасындағы небір шайқастарда өзін көрсете білген теңіз-жаяу әскери құрамасының белді мүшесі болды. Бұл құраманың алдына қойған міндеттері жауға тұтқиылдан шабуыл жасап, шығынға ұшыратып, кейін тез бой тасалап үлгеру болған екен.

Жау әскеріне тұтқиылдан қорқыныш тудырып, қара киім киген бұлар «Қара перілер» деген атаққа ие болған. 1943 жылдың қыркүйек айының 16-17-ші жұлдызында Екатеринбург се-



Сурет ашық дереккөзден

лосының жанындағы жанкешті ұрыста сержант Сұлтанбай әкеміз автоматымен он бір жауды жайратып салады. Осы ерлігі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін омырауына қадап, бөлімше командирлігіне тағайындалады. Талай шайқастың бел ортасынан көрінген әкеміз кезекті бір ұрыста қатты жараланып, дала госпиталынан бірақ шығады. Жаужүрек жауынгер оң аяғынан айырылып, елге оралады. Елге келгеннен кейін де соғыс солдаты мал бағуды кәсіп қылады. Бойындағы төзімділігі мен қайраттылығы майдан шебінде шындалғанының айғағындай болған әкеміздің жалғыз аяқпен ат үстіне қарғып мінетінін көз көргендерден естіген едік. Сұлтанбай әкемізбен Бикен анамыздың шаңырағынан туған алты бала өсіп-өнді. Немере-шөберелері бар, бүгінде ұл-кен бір әулет.

Алты баланың ортаншысы Жәмет бірге оқып, қызықты ғұмырды бірге кешіп келе жатқан менің – жан досым. Мектепте жүргенде көп сөзге жоқ, тұйық, тік мінез, екі айтпайтын, сөзіне тұратындығымен ерекшеленетін. Оқуды тәмамдаған соң өзі армандаған тәртіп сақшысын даярлайтын оқу мектебін бітіріп, отыз жылға жуық осы салада абыройлы қызмет атқарды.

Жәмет ауданның ішкі істер бөлімінің қатардағы телімдік полиция инспекторынан Жарық кентінің полиция бөлімінің бастығына көтеріліп, полиция майоры шенінде зейнетке шықты.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдардың орта шенінде Қарағанды қаласында такси жүргізушілерін өлтіріп кету фактілері жиі орын алған еді. Сол кезеңде топталған бес қарақшыға бүкілодақтық іздеу жарияланып, төртеуі құрықталып,



біреуі қашып жүрген болатын. Қаладан шалғай орналасқан Ақбауыр ауылын жасырын паналап жүрген қашқын жендетті жазбай таныған Жәмет жатқан пәтеріне барып, пышақ ала жүгірген жауызбен алыса кетіп, қол аяғын байлап, аудандық ішкі істер бөліміне апарады. Сондағы басшылар «Жәмет, жалғыз әрекеттенгенің қалай? Жедел тоңты шақырмайсың ба?», деп кейіген көрінеді. Қасқой сермеген пышақтан қалған оң қолындағы тыртық сол сәттегі жағдайдың куәсіндей көрінеді.

Жасаған батыл ерлігіне емес, міндетін адал атқарғанына ырза көңілмен ақтарылатыны бар. Еңбегі бағаланып, «Жезқазған облысы бойынша жылдың үздік учаскелік милиция қызметкері» белгісімен қоса, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен «За отличную службу по охране общественно-го порядка» медалімен марапатталды. Сол жылдары екеуіміз Ақшоқы совхозында бірге қызмет атқардық. Күндіз-түні мал ұрлығын тыйып, қоғамдық тәртіпті сақтау үшін ерікті жасақшылардың кезекшілігін ұйымдастырып, тыным көрмейтін беймаза күндерінің сан куәсі болған едім.

Марат ШАЙКИН

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Сарыбелде салиқалы істер бар

Осакаров ауданы – өнеркәсібі мен аграрлық саласы қатар өркендеген, облыстағы іргелі ауданның бірі. 2024 жылдың қорытындысы бойынша өңір экономикасы 21 пайызға өсіп, 175 миллиард теңгені құраған екен. Әсіресе, аграрлық салада жалпы өнім көлемі 148 пайызға дейін шарықтаған. Бұл туралы Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов дәстүрлі брифингте мәлімдеді.



Сурет ашық дереккөзден

2025-2027 жылдары Осакаров ауданы бойынша құны 47 миллиард теңге тұратын 7 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Оның екеуі мал шаруашылығы бойынша (құны 18 миллиард теңге), бесеуі егіншілік бойынша (құны 28 миллиард теңге). Бұл бағдарламалар 170 адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауданда 2169 гектар жер ауыл шаруашылығы айналымына қамтылыпты. Бұрнағы жылдан бері Осакаровқада тұрғындардың малын жайылыммен қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүруде. «Жайлау» жобасын жүзеге асыру арқылы Қарағайлы, Сарыөзек, Озерный, Ақбұлақ, Шідергі ауыл округтері мен Молодежный кентіндегі жайылым мәселесі оңды шешіліпті. Осы жоба биыл Есіл ауыл округінде қолға алынып, әрі қарай жалғасын таппақ екен.

Облыстың көпшілік өңірлерімен салыстырғанда Осакаров ауданы халқының әлеуметтік мәселесі біршама оң шешімін таппақ өңірге саналады. Дегенмен, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты шешімін күткен мәселе мұнда да бар. Аудандағы 52 ауылдың 36-сына орталықтандырылған су жүйесі тартылған. 15 ауыл еске су көздерін тұтынаса, тағы бір елдімекенге тіршілік нәрі тасылып беріледі.

Тұрғындарды жылумен қамтамасыз ету бойынша да біршама жұмыс тындырылған екен. Былтыр Молодежный кентінде жаңа блоктық-модульдік қазандық іске қосылып, үш көшенің ұзындығы 865 метрлік жылу жүйесі жөнделген. Осакаров кентіне қосымша екі қазандық қойылыпты. Биыл жұмыс елдімекендер ішіндегі 586 километр және республиктің бюджеттен бөлінген қаржы бұл жолдардың уақыт өткен сайын жасқара түсуіне ықпалын тигізуде.

Ауданда жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда онды істер бар. 1437 километр жолдың жөндеу жұмысына аса мұқтажы елдімекендер ішіндегі 586 километр жол. Республикалық, облыстық және жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы бұл жолдардың уақыт өткен сайын жасқара түсуіне ықпалын тигізуде.

Брифингтің соңында Руслан Есенбекұлы тікелей байланысқа шыққан телекөрсермендер мен журналистердің сұрақтарына жауап берді.

• АНАЛАР ФОРУМЫ

Саналы қоғам – сапалы ұлт

Нұра ауданының ішкі саясат бөлімі мен аналардың аудандық кеңесінің ұйымдастыруымен «Саналы қоғам – сапалы ұлт» деген тақырыпта аналар форумы өтті. Оны кіріспе сөзбен ашқан аудан әкімінің орынбасары Салтанат Мұқанова форум жұмысына сәттілік тіледі.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Нұраның қасиетті топырағында туып-өсіп, еңбегімен ауданның дамуына елеулі үлес қосқан, өнегелі өмірі өңірдің тарихына айтулы із қалдырған аналар – Бақыт Несіпбайқызы Қайырбекова, Нұргайша Жағанқызы Ұсабаева, Салидат Зекенқызы Қайырбекова, Любовь Ивановна Головина, Раушан Әбілқызы Шкенова, Раушан Қорымқызы Қаримова, Әдиша Көнеқбайқызы Есмағанбетова, Антонина Анатольевна Ткаченко, Галия Балтабайқызы Жұмашева, Зара Ахметжанқызы Даутова, Бағдат Үкіметқызы Каренкина, Светлана Қабыкенқызы Жақыпова, Ольга Александровна Баранова, Бақытжан Хасенқызы Төлеубекова, Саягүл Айдарқызы Қайыргелдина жайлы бейнебаянмен басталған форумның мақсаты ұлттық сананы жаңғырту, бүгінгі ата-аналар мен қоғам мүшелерінің тәрбие ісіндегі жауапкершілігін арттыру, халқымыздың жастарға арналған құндылықтарын дәрiптeу және ұлт болашағы үшін саналы ұрпақ қалыптастыруға ықпал ету болатын.

Жиынның спикерлігіне қоғам қайраткері, ата-аналардың республикалық қозғалысының көшбасшысы, «Сенім мен болашақ» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Нұркен Асанов арнайы шақырылды. Ол бала тәрбиесін-

дегі ата-аналардың рөлі, қоғам алдындағы жауапкершілігі мен отбасының құндылықтары туралы форумға қатысушылармен еркін форматта ой бөлісіп, пікір алмасты. Сонымен қатар, жиынның жұмысына ата-аналардың «Сенім мен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі Қарағанды облыстық филиалының директоры Индира Токмұрзина, Қарағанды облысы әкімінің аппараты кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі бас инспекторы Ғани Карисова, облыстағы Іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Наталья Арыстанова құрметті қонақ ретінде қатысты.

Шараның барысында спикер мен қатысушылар арасында ашық диалог орнатылып, ұлттық құндылықтар, қоғамдық сана, ұрпақ тәрбиесі, ата-аналар мен ұрпақтар арасындағы байланыс, қоғам мүшелерінің әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері кеңінен талқыланды. Жиынға келгендер спикерге өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, мазмұнды жауап алғаны үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ, мұндай іс-шаралардың тәрбиелік және қоғамдық мәні зор екені айтылды.

Өңірдің әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуына еңбегі сіңген аналар форумның соңында түрлі номинациялармен марапатталды.

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Күш – бірлікте

Түрлі этностар мен мәдениеттердің бірлігін қамтамасыз етуде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін, оның тарихын, жетістіктерін насихаттау мақсатында бірегей институттың 30 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттар достығы» атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелді Жайық Бектұров атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырды. Оған Қарағандыдағы этномәдени орталықтардың өкілдері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылуы, қазіргі таңдағы негізгі қызметі, рөлі мен бүгінгі қоғамдағы маңызы, еліміздегі этностар арасында бірлік пен ынтымақтастықты сақтаудағы орны туралы кеңінен әңгіме өрбіді.

Қонақтар жастармен ашық пікір алмасып, сауалдарына жауап берді.

Қарағанды медицина университеті «Күретамыр» тарихи-өл-

кетану үйірмесінің мүшелері Назым Ағымова – «Қазақстан халқы Ассамблеясы – бірлік пен татулықтың символы», Жанәлі Қалдағы этномәдени орталықтардың өкілдері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылуы, қазіргі таңдағы негізгі қызметі, рөлі мен бүгінгі қоғамдағы маңызы, еліміздегі этностар арасында бірлік пен ынтымақтастықты сақтаудағы орны туралы кеңінен әңгіме өрбіді.

Қонақтар жастармен ашық пікір алмасып, сауалдарына жауап берді.

Қарағанды медицина университеті «Күретамыр» тарихи-өл-

Ақайша ЕСЕНБЕК, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің IV курс студенті



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауданда үш ірі кәсіпорын бар. Олар – «Қазушаруашылығы» РМК-ына қарасты Қ.Сәтбаев атындағы каналдың филиалы, «Kazakhmys Coal» көмір департаментінің Борлы көмір разрезі және «Saguroan Operating» ЖШС. Кен өндіруші саланың есебінен өткен жылы өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 128,5 пайызға орындалып, 67,9 миллиард теңгені құрапты. Кеншілер жоғарыдағы еңбек қарқынмен бәсеңдетпей, биыл 69,3 миллиард теңгенің өнімін шығаруға бел байлап отыр. Борлы разрезі былтыр 7,6 миллион тонна көмір өндірсе, биыл 7,8 миллион тонна отын қазбақшы.

Экономикалық саясатта инвестиция тартуға және ол үшін қолайлы жағдай жасауға басымдылық беріледі. Былтыр негізгі капиталға инвестиция тарту 134,8 пайызға орындалған. Осакаров кентінде «Гиперборея» ЖШС құны 42,6 миллиард теңге тұратын жел электр станциясын орнатты. Биылғы жылы инвестиция көлемін 47 миллиард теңгеге жеткізу көзделуде. Ол өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, шағын және орта бизнесті қамтиды. Ауданда жалпы құны 301 миллиард теңге тұратын үш инвестициялық

жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Олар: «Гиперборея» ЖШС салатын, қуаттылығы 150 МВт жел электр станциясы; Қытай мен Қазақстанның біріккен «Алтын Алқап Крг» ЖШС салатын кірпіш зауыты; Қытай мен Қазақстанның біріккен «North wind park» ЖШС салатын, қуаттылығы 500 МВт желпаркi.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер есебінен 19 миллиард, бюджет есебінен 1,5 миллиард теңге құйылып, ауданның болашағы үшін қызмет етпек.

Өңірде шағын және орта бизнестің 2064 субъектісі жұмыс істейді. Оған 4819 адам тартылған. Өздерін осы салада көрсеткісі келетіндер қатары уақыт өткен сайын артып келеді. Былтыр құны 159 миллиард теңге тұратын 14 жоба іске қосылып, 27 жұмыс орны ашылды. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаны жүзеге асыру аясында құны 239 миллион теңге тұратын 15 жобаны қаржыландыру мақұлданды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша агроөнеркәсіп саласы 84 миллиард теңгенің өнімін шығарды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда біршама артық. Биыл ауыл шаруашылығы бойынша 91,2 миллиард теңгенің өнімін алу жоспарлануда.

Осакаров – облыстағы астықты ауданның бірі. Былтыр мұндағы дикан қауымы 416 мың

гектар алқапқа дән сіңіріп, берекелі күзде 654 мың тонна астық жинаған екен. Гектар түсімі 16 центнерден айналыпты. Алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе артық нәтиже.

Биыл аудан дикандары 450 мың гектарда көктемгі дала жұмыстарын жүргізуді жоспарлауда. Оның ішінде 363 мың гектарға бидай, 35 мың гектарға арпа, 7,5 гектарға сұлы, 2 мың гектарға бұршақ, 650 гектарға картоп, 10 гектарға көкөніс, 25,5 мың гектарға майлы дақылдар, 17 мың гектарға жемдік дақылдар тұқымын сеппек ойда.

Агроөнеркәсіптік кешенге салынған инвестициялар былтыр 10,5 миллиард теңгені құраған екен. Жоғары табысқа қол жеткізу үшін машина-трактор паркін ұдайы жанартып отыру керек. 2024 жылы ауданның ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілері 6 миллиард теңгеге 102 дана ауыл шаруашылығы техникасын және 500 миллион теңгеге құрал-жабдықтар сатып алыпты.

«Еуразия-Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2024 жылы аумағы 1100 гектар, құны 4 миллиард 700 миллион теңге тұратын ауыл шаруашылығы дақылдарын суару жүйесін салған көрінеді. Жобаны іске асыру барысында 18 жаңа жұмыс орны құрылған. Сөйтіп, аудандағы суармалы алқап былтыр 2,7 мың гектарға жеткен екен.

• КӨРМЕ

Кенен табиғаттың көркем көрінісі

Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Жүрсін Балкенов биыл мерейлі сексен жасқа толды. Осыған орай Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі қадірлі қылқалам иесінің туындыларын ел назарына ұсынды. «Шабыт және мұра» деп аталған көрмеде талантты суретшінің 49 картинасы назарға ұсынылды.



Қасымхан БҰРҚІТУЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жүрсін Шаяхметұлының таланты табиғаттан дарығандай. Жаны даламен егіз. Қылқаламымен Арқаның інжу-маржанына айналған Қарқаралыны көп бейнелепті. Шайтанкөлін, орманын, тауын суреттепті. Туған жерге арналған 100-ден аса туындыны жарыққа әкелген. Ерекшелігі біріне-бірі ұқсамайды. «Ормандағы таң», «Қарқаралы таулары», «Тау ішінде», «Айлы түн», «Шайтанкөл», «Кенттегі қыс» секілді ғажап картиналарынан сұлу табиғатқа деген інкәрлік, туған жерге деген сағыныш лебі сезілетіндей.

Көрменің салтанатты ашылу рәсімінде Қарағанды қаласы әкімдігінің өкілі Берік Досымбеков шаһар басшысы Мейрам Қожуховтың құттықтау хатын табыстап, ізгі тілегін білдірді. Қарағандылық танымал суретші Мұрат Қалқабаев көрме жұмыстарын тамашалап шыққанын, Жүрсін Шаяхметұлының шығармашылығымен бұрыннан таныс екенін айтып, мерейтойымен құттықтады.

Жүрсін Балкенов – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің, кәсіби-көркем өнер факультетінің дизайн және бейнелеу өнері кафедрасының профессоры, бейнелеу өнерінің жанашыры. Сонау 1987 жылы Қарағандыға аспирантураны енді бітіріп келген ол жүгіріп жүріп, «өнерлі жастар білім алсын, оқысын», деп педагогикалық институтта «Көркем сурет» факультетінің қайта ашылуына ықпал еткен еді. Кафедра меңгерушісі Қанат Токеңұлы ұжымның атынан құттықтап, сыйлықтарын тарту етті.

Ал, Қарағанды Суретшілер одағының төрағасы Айдархан Қалмаханов мерейтой иесінің омырауына «Бейнелеу өнеріне сіңір-

ген еңбегі үшін» орденін жарқырата тақты.

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі басшысының орынбасары Мейрамгүл Елубаева музейдің 35 жылдығына орай шығарылған кітап-альбомды сыйға тартты.

«Біздің ұжым Жүрсін Шаяхметұлымен үнемі шығармашылық байланыста. Сурет өнерінің жанашыры, ұжымымыздың қадірлі ақылманы. Мінекей, ел назарына талантты суретшінің үздік туындыларын ұсындық. Өздеріңіз байқағандарыңыздай, көбіне Қарқаралының әсем табиғатын суреттеген. Даланы, саятшыны, оркиікті салған картиналары да әсерлі», – деді өзінің құттықтау сөзінде Мейрамгүл Айдарқызы.

«Суретші талғамы айтар ойымен үндес болу керек. Сонда өнер бағалы болады. Мәселен, мен әрбір жұмысымда қазақтың жанын көрсетуге ұмтыламын. Сондықтан да, «Даналығым – дала» дегенді үнемі айтып отырамын. Себебі Еуропада, басқа жұртта дала деген ұғым бола бермейді. Ол түркі жұртына ғана тән, оның ішінде қазақта бар. Бұған дейін мен жұмысыма көрген дүниеңді айнытпай салуды мақсат санамаппын. Оны фотоаппараттар да мінсіз орындай алады. Менің ойым – әрбір салған картинама арқылы адам жанына үңілу, адам жанын сөйлету, сурет арқылы сырласу. Осыған дейін бейнелеу өнері жөнінде бірнеше ғылыми кітаптар жаздым. Соның пайдасын қазақ балалары көріп жатыр. Осыдан артық бақыт бар ма?», – деп тебіренді суретші.

Мерейтой иесі Жүрсін Шаяхметұлы өнерін ұлықтаған Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің ұжымы мен ел жанашыры Ерғазы Қадашұлына риясыз алғысын білдірді.

Сурет музейден алынды

• АЙТЫС

Аманат өнердің аламаны

Қарағандыдағы Кеншілер мәдениет сарайында Қарағанды мен Павлодар командалары арасында ұлы ақын және ойшыл Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған республикалық командалық айтыс өтті. Айтыс ақындары мен дәстүрлі өнер өкілдері арасында өткен өнер сайысының шымылдығын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев түріп, жылы лебізін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл байқау 2024 жылы басталған еді. Содан бері байтақ Арқадан Атырауға, оңтүстіктен солтүстікке дейінгі ұлы даланың төрт құбыласын түйістіріп, 20 команда бақ сынасты. Ұлы бәсеке бүгінде мәресіне жетіп қалды. Бірінші айналымда жеңіске жеткен командалар екінші кезеңде бақ сынауда. Былтыр Қарағанды облысы Абай облысымен кездесіп, жеңіске жеткен еді. Ал, Павлодар облысы Ақмола облысының командасын жеңіп, осы кезеңге жолдама иеленген. Енді қос команда арасында жеңіске жеткен жеңімпаз – жартылай финалға жолдама еншілейді.

– Айтыс өнері ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан қазақтың асыл қазынасы. Бабадан мұра болып келе жатқан сөз өнері бүгінде жаңа сипатқа ие болып отыр. Соның бір нақты айғағы – командалық айтыс. Бүгінгі айтыс екі облыс арасындағы ежелден тарихи сабақтастықты жалғастыруда. Сондықтан, бұл айтыс көрермен қауымға рухани қуаныш сыйлайды деп сенемін, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Айтыс тізгіні ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтайдя. Ол өз сөзінде көрермендерге жылы лебізін



білдіріп, айтыскерлерге сәттілік тіледі. Өрі айтысатын ақындардың жұбын хабарлады.

– Бүгінгі айтысымыздың тақырыбын хәкім Абайдың «Талап, еңбек, терең ой» деген өлеңімен қоюымыздың да өзіндік себебі бар. Адамзаттың ақыл ойының асқағы хәкім Абай «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат рақым ойлап қой» деп бес асыл істі адамзат баласына үлгі-өнеге етті. Қарағанды жұрты хәкімнің осы бір сөзін ұран қылып, байрақты бәсекенің туын көтерді. Ұлттық өнерді ұлықтаған аламан жарыс құтты болсын! – деді Аманжол Әлтай.

Осындай ұлттық мерекеде сүйіншіні баладан, жастардан сұрататын. Сол бір қазақы дәстүрге сай Қарағанды облысының командасын таныстыру мәртебесі жас ақын Жантас Тілеубекке берілді. Ал, Майраның елін ақын Жанел Қизатова таныстырды. Облыс құрамасының сапында Айтпай Жұмағұл, Тілеген Әділов, Мақсат Аханов, Дидар Қами, Нұрмұхаммед Байсүгіров, Сержан Мұсай-

ын, Дәуренбек Аркенов, Балқан Смағұлов сынды дүлдүлдер өнер көрсетті. Сахнаға алғашқылардың бірі болып шыққан жұп Тілеген Әділов пен Тілек Сейітовтің өнеріне көрермен зор ықыласын білдірді. Биылғы «Күміс домбыра» иегері Нұрмұхаммед пен Рауан Қайдардың да өнеріне қалың жұрт сүйсінді. Дидар Қами мен Ерлан Аманқожаның өнеріне дүйім жұрттың қошеметі ерекше болды. Ал, «Алтын домбыра» иегері Мақсат Аханов Абзал Қабырашпен жұптасып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Байқау қорытындысы бойынша айтыскерлерге 500 мың, өнерпаздарға 250 мың теңгеден табысталды.

Айтыс қорытындысы бойынша 197-196 ұпайымен, яғни, бір ғана ұпай айырмашылығымен Қарағанды облысының командасы жеңімпаз атанды. Енді жерлестер Астана құрамасымен жартылай кезеңде бақ сынасады.

Суретті түсірген Ақжол Асан

• ХОККЕЙ

Мұзбалақтар – Қарағандыда

Өткен сенбі «Қарағанды-Арена» мұз айдынында ине шаншар орын болмады. Себебі, мұнда спортсүйер қауым асыға күткен «Hokei meiramu 2025» мерекесі өтті.

Аталған шара екі күнге жоспарланған. Алғашқы күні хоккей жанкүйерлері сүйікті ойыншыларымен кездесіп, суретке түсті. Өрі хоккейшілер баспасөз мәслихатына қатысып, көптің сұрағына жауап берді.

Ал, екінші күні танымал хоккейшілерден жасақталған «Legends» командасы мен «Pro» командасы арасында шоу матч өтті. Жалпы, «Legends» командасында әр жылдары «Барыс» және Ұлттық құрама команда сапында ойнаған танымал хоккейшілер жиналған. Ал, «Pro» командасына жанкүйерлер өздері дауыс беру арқылы ел чемпио-

натының үздік ойыншыларын жинаған.

Бұл кезеңде «Pro» командасы сапынан Александр Коннов, Данил Парамонов, Михаил Гулый, Муса Гусейнов пен Ян Тютюньков мүмкіндікті мүлт жібермеді. Ал, «Legends» командасы сапынан Мадияр Ибрайбеков пен Талғат Жайлауов та көрермен ықыласына бөленді. Капитандар сайысында Даррен Диш пен Фёдор Хоросhev мәнерлеп сырғанауда шеберлік көрсетіп, көптің назарын ортаға бұрды.

Өз тілшімізден

• ФУТБОЛ

Сырт алаңдағы керемет камбэк

Футболдан Бірінші лига ойындарының III туры өз мәресіне жетті. Бұл кезеңде қарағандылық «Шахтер» сырт алаңда алматылық «Хан-Төңірі» клубымен кездесіп, 3:2 есебімен басым түсті. Осылайша үш турдың қорытындысы бойынша кеншілер командасы турнирлік кестеде 9 ұпаймен II сатыға тұрақтады.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер үшін сырт алаңда өткен ойын оңайға соқпады. 22-ші минутта алаң иелері сапынан Артем Литовш есеп ашты. Оның алыстан бағыттаған соққысын қақпашы Игорь Шацкий қайтара алмады. Осыдан кейін жерлестер ойын қарқынын күшейтті. Қос қапталдан шабуылды кезек ұйымдастырып, қарсылас қақпасына қауіп төндірді. Ал, алматылықтар қорғаныс шебін мықтады. Алайда, қарсыластар сапынан 38-ші минутта Ерасыл Темерші, 39-шы минутта Аңсар Сляхман сары қағаз иеленді. 40 минутта қарағандылықтарда есеп ашатын керемет мүмкіндік болып еді. 28 нөмірлі жейдедегі Юрий Перцух сол қапталдан алаң ортасында жүрген әріптесі Максим Галкинге әуелете пас асырады. Ал, Максим өзіне келе жатқан допты жерге түсірмей қақпаға бағыттайды. Бірақ, қарсылас қақпашысы кателікке бой алдырмай допты қайтарып, алаң сыртына шығарып тастады. Дегенмен, жерлестер 44-ші минутта таразы басын



теңестіріп, бірінші таймға нүкте қойды. Есеп – 1:1.

73-ші минутта жерлестер гол салып, есепте алға шықты. Қорғаушы Эльхан Саидов сол қапталдан қарсылас команда қорғаушыларын алдап өтіп, қақпаға беттеген еді. Осы тұста алаң иелері сапынан Богдан Захарченко айып алаңына енген қорғаушыны құлатып, ойын ережесін бұзды. Бас төреші бұл сәтте ойын ережесінің

бұзылғандығын айтып, алматылықтардың қақпасына пенальти белгілейді. Ал, қарағандылықтар сапынан пенальтиді орындаған Айдоос Таттыбаев мұлт кетпеді. Есеп – 1:2.

Кеншілер қорғанысты күшейту қажет. Ал, ол дегеніміз қандай жағдайда болмасын қарсылас команда ойыншыларын қақпаға маңайлатпау деген сөз. Бастысы – есепті сақтап, жеңіске жету.

Алматылықтар 83-ші минутта шабуыл ұйымдастырды. Бірақ, айып алаңына кіруге бір табан қалғанда шахтерлік қорғаушылар ойын ережесін бұзды. Бас төреші қарағандылықтардың ойын ережесін бұзғанын айтып, қарсыластарға айып добын белгілеген. Ал, айып добын орындау мүмкіндігі – жартылай қорғаушы Аслан Ғабиденде. Асланның соққы жасайтын жері – қақпадан алыс емес. Соққы да жасауға немесе әріптестеріне пас та шығаруға болады. Бірақ, ол еш ойланбастан қақпаның оң жақ жоғарғы бұрышын көздеп, допты қақпаға бағыттады. Бірақ, доп қабырға жасап тұрған қарағандылық ойыншыларға тиіп, әуелей ұшты. Осы тұста қақпашы Игорь Шацкий допты енді ұстай бергенде уысынан шығарып алды. Осылайша автоголдың салдарынан таразы басы қайта теңесті.

88-ші минутта қарағандылық жартылай қорғаушы Юрий Перцух қарсылас қақпашысынан айласын асырып, жеңіс голын соқты. Сол қапталдан ұйымдастырған Максим Галкиннің керемет шабуылы нәтижелі аяқталып, жерлестер кездесуде жеңіске жетті.

Турнир кестесінің көш басында 9 ұпаймен павлодарлық «Ертіс» клубы тұр. Олар үш ойында қақпасына ешқандай гол жібермеген. Енді жерлестер I мамырда өз алаңында «Ертіс» командасын қабылдайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БАЙҚАУ

Білімпаздар бәсекесі

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы қазақ, ағылшын, орыс тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау, тіл мәдениетін көтеру, көп тілді меңгерген қабілетті жастарға қолдау көрсету мақсатында «Тілдарын» облыстық байқауын өткізді.

Байқауға облыстың өңірлерінен, білім беру мекемелерінен және жоғары оқу орындарынан 25 үміткер қатысып, үш кезең тапсырмалары бойынша бағын сынады.

Бірінші кезеңде қазақ даласында туып-өскен өлкесінің дамуына шығармашылық, қайраткерлік сипатымен үлес қосқан тұлғалар туралы қазақ тілінде кеңейтілген ақпарат берсе, екінші кезеңде қазақ халқының мақал-мәтелдерінің мағынасын орыс тілінде ашуға тырысты.

Ал, үшінші кезеңде еліміздің қасиетті, киелі жерлері туралы сұрақтардың біріне ағылшын тілінде жауап берді.

Байқауға қатысушыларды бағалау кезінде қазылар алқасы қатысушылардың үш тілді қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін, берілген жауаптың мазмұндылығы мен дәйектілігін, тіл мәдениетін басшылыққа алды.

Байқау жеңімпаздарын ғалымдар, тіл мамандарынан құралған қазылар алқасы анықтады. Жүлделі орынға ие болғандар диплом, Алғыс хат және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Атап айтсақ, I орын – қарағандылық Шахкарим Садвокасовқа (150 000 тт), II орын – балқаштық Ильяс Рахмедиевке (100 000 тт), III орын – теміртаулық Назия Өмірбаеваға (50 000 тт) бұйырды.

Ал, ынталандыру сыйлығына Гүлжана Аманбекова, Айнұр Амангелді, Асылхан Жантөре ие болды. Оларға 25 000 теңгеден берілді.

«Көрермендер көзайымы» номинациясына Ақниет Айдынкызы лайық деп танылды.

Мәлдір МҰРАТБАЕВА, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің IV курс студенті

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді. Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.kz.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBZKZХ БИН 000840001412 Тарапымы 4 725 №46 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ
---	---	---	--